



ПРЕЗИДЕНТ



ӨҢІРДІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

«Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз...». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі. Ол бұл пікірін Түрікменстанның Аваза қаласында өткен Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ үшінші конференциясында айтты.

Қазақстан Президенті БҰҰ-ның Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге арналған конференциядағы сөзін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдіруден бастады. Қазақстанның Мемлекет басшысы әріптесіне конференцияға шақырғаны үшін ризашылық білдірсе, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін алғыс айтты.

БІЗ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚҚА АШЫҚПЫЗ

Президент БҰҰ-ның Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге арналған конференциясы алғаш рет 20 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстанда өткенін атап өтті. Осынау елдердің өкілдері алғаш рет 2003 жылдың 28-29 тамызында Алматыда жиналса, одан кейінгі конференция 2014 жылдың 3-5 кара-

шасында Аустрия астанасы Венада өткен еді. Авазда үшінші мәрте бас қосты.

— Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни, еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұнғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазда бас қосып отырмыз, — деді Мемлекет басшысы. Сөйтіп, Қазақстанның ортақ игілік үшін барша жұртпен тізе қоса әрекет етуге әрқашан даяр екенін әрі өміршең бастамаларды ұдайы қолдайтынын меңзеді.

Президенттің айтуынша, осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізу-

де, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

— Аймақтағы шектеулі байланыс — теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және сауда шығыны, сондай-ақ геосаяси факторларға осалдық секілді біршама экономикалық қиындық тудырады. Аталған кедергілер азаматтардың әлауқатына әсер етіп, бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді. Түрлі қактығыстар, экономикалық санкциялар, жеткізу тізбегінің бұзылуы және жаһанда сенімсіздіктің белең алуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Дегенмен Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемлекеттерді жаһандық мәселелердің шешімін табуға атсалысатын тең құқылы әрі перспективті серіктес ретінде қарау керек деп санайды. Мұндай елдердің үні анық естілуге тиіс, ал біздің өзара ынтымақтастығымыз терең, ұжымдық ұмтылысымыз батыл болуы қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚИҒАШ БОЙЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҚ

Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Теңіз ауылында алғаш рет ұйымдастырылған «Lotus Fest – 2025» халықаралық мәдени-туристік фестивалі өңір туризмін дамытуда елеулі қадам болды.



→ 5

АҚТЫҚ СЫН АЛДЫНДАҒЫ АЙҚАС

Польшаның Варшава қаласында күрес түрлерінен Ziolkowski, Pytlasinski, Poland Open халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы бұл турнирде тек грек-рим және әйелдер күресінен бақ сынаған еді. Бозкілемдегі үміт артқан балуандарымыз жеңіс тұғырынан көріне алмаса да, ол жақтан жұлдесіз кеткен жоқ.



→ 8

МӘСЕЛЕ

Елде дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтер қатар қымбаттап жатыр. Бұған ықпал еткен фактор көп. Біріншіден, доллар және басқа шетелдік валюталардың бағамы көтеріліп барады. Екіншіден, дәрілік препараттарды таңбалау фармацевтикалық зауыттар мен дәріханалар шығынын арттырып, қымбатшылыққа түрткі болды. Үшіншіден, жаңа Салық кодексінде сала алым-салық бойынша жеңілдіктен жұрдай болғандықтан, бағаға жаңа серпін берілгелі тұр. Бұған не тоқтау бола алуы мүмкін?

ДӘРІНІҢ ДӘМІ ЕМЕС, ҚҰНЫ АЩЫ



БАТПАНДАП КІРДІ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ...

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша биылғы маусым айының қорытындысында денсаулық сақтау секторындағы бөлшек бағалар тағы 16% ұлғайды. Бұл — елдегі өзге салаларға қарағанда ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі. Соның ішінде емханалардың, клиникалардың амбулаториялық қызметтері 13,5%-ға, дәрі-дәрмек, емдеу жабдықтары мен аппаратуралары 14%-ға, ал ауруханалардың қызметтері бірден 28,5%-ға қымбаттап шыға келді.

«Жалпы, Қазақстанда денсаулық сақтау саласының тауарлары мен қызметтері 2011 жылдан, яғни Ұлттық статистика бюросы секторға қатысты статистика жүргізе бастаған кезден бері тек қымбаттаумен келеді. Медициналық қызметтер құнының өсімі, әсіресе жазатайым оқиғалар санының күрт артуы жағдайында елге ерекше ауыр соғып тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, 2024 жыл қорытындысында травматологиялық көмекке 2,5 миллионға жуық адам жүгінген», — дейді Ranking мониторинг агенттігінің сарапшылары.

(Жалғасы 4-бетте)

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ



Замана үдерісіне сай жаңа технологиялардың іс жүзінде мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігі үшін қолданылып жатқаны қуантады. Өйткені «Заң және тәртіп» қағидасының өзі бірінші кезекте халықтың алаңсыз әрі тыныш тіршілік етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи үлгіде толықтай жабдықталған бейнебақылау камералары елдің қай аймағында болмасын елді мекендердегі түрлі құқықбұзушылық пен қылмысты дер кезінде анықтап, бұзақыларды заңға сәйкес жауапкершілікке тартуға мүмкіндік берген. Осы орайда Ақмола облысындағы Жедел басқару орталығы да тәртіп пен тұрақтылық тірегіне айналды десек қателеспейміз...

→ 7

7 ТАМЫЗ | БЕЙСЕНБІ

ӨҢІРДІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қазақстанның Аваза іс-қимыл бағдарламасын тұрақты, инклюзивті және орнықты келешекке жеткізер Жол картасы ретінде толық қолдайтынын мәлімдеді.

— Бұл маңызды бастама транзиттік елдердің, халықаралық даму ұйымдары мен қаржы институттарының саяси қолдауына ие болуға тиіс. Көлік, энергетика және цифрлы инфрақұрылым сияқты басты секторларға инвестицияны ынталандыруға арналған жаңа қаржы тетіктері керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруін тағы бір түйткіл ретінде атады.

— Теңізге шығар жолы жоқ көптеген дамушы ел су тапшылығы, мұздықтардың еруі, шөлейттену секілді экстремалды табиғи құбылыстарға душар болып отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін өңір елдерінің ортақ күш-жігері мен белсенді халықаралық қолдау қажет. Дегенмен, менің ойымша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары теңгерімді әрі инклюзивті сипатын сақтап, елдердің даму жолындағы сұраныстарына сай болуға тиіс. Климаттық өзгерістермен күреске жұмылу мақсатында Сіздерді келесі жылы сәуір айында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге Астанада ұйымдастырылатын Өңірлік экологиялық саммитке шақырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның серіктестермен бірге аймақтағы өзара байланысты нығайту, цифрлық трансформацияны ілгерілету және ұзақ мерзімді әрі орнықты өсімге ықпал етуді көздейтін елеулі шаралар қабылдап жатқанын жеткізді.

— Біз Орта дәліз және «Солтүстік — Оңтүстік» бағдары бойындағы көлік жолдары мен транзит инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Түпкі мақсатымыз — теміржолдың, автокөлік жолдарының, сондай-ақ авиация мен логистика орталықтарының біртұтас желісін құру. Бұл Қазақстанның Еуразиялық транзит хабы ретіндегі позициясын нығайтады. Қазір Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміз арқылы өтеді. Біз сондай-ақ цифрландыруға инвестиция құйып жатырмыз. Астана қаласында Alem.AI жасанды интеллект орталығы құрылды. Жұырда суперкомпьютер іске қосылды. Ғылыми ынтымақтастыққа әрдайым ашықпыз. Серіктестерімізді қатарымызға қосылуға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өңірлік күн тәртібі жөнінде пікір білдіріп, елдердің мүмкіндігі географиямен шектелмейтінін

Орталық Азия тәжірибесі көрсетіп отырғанын айтты.

— Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз. Яғни, құрлық арқылы байланыс орнатудың маңызы арта түседі. Біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықты. Саяси ерік-жігер, стратегиялық инвестиция мен халықаралық серіктестік болса, теңізге шығатын жолдың жоқтығы кедергі емес, керісінше, өсімге ынталандырады. Орталық Азия өзара тиімді ықпалдастық қанат жайған аймаққа айналғанына куә болып отырмыз. Өңірдің сауда, инвестиция, көлік, байланыс және ресурстарды орнықты басқару салаларында даму әлеуеті жоғары. Екі күн бұрын Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның штаб-пәтері Алматыда орналасқан. Бұл тұтас аймақ үшін маңызды жетістік әрі Аваза бағдарламасының игі мақсаттарына толық сай келеді. Қазақстанның осы бастамасын қолдағаны үшін БҰҰ Бас хатшысына және Орталық Азиядағы серіктестерімізге тағы да ризашылығымды білдіремін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мақсаттары мен қағидаттарына бейіл екенін растады.

— Теңіз қатынасы жоқ дамушы елдердің жаһандық күн тәртібінен тыс қалмауын халықаралық серіктестікті нығайту арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

ҚҰРЛЫҚТА ДА КӨП МҮМКІНДІК БАР

Жалпы, Авазадағы конференция теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге арналғанымен, әлемде 44 мемлекет мұхитқа тікелей жете алмайды. Дегенмен, олардың ішінде дамыған елдер тобына кіретін мемлекеттер де бар. Ал теңізге шығатын жолы жоқ елдердің көбі Африкада. Бұл құрлықта дәл осындай 16 мемлекет орналасқан. Оңтүстік Американың 2, Еуропаның 14, Азияның 12 елінде теңізге шығатын жолы жоқ. Мұндай мемлекеттердің ішінде жер көлемі жағынан бірінше орында Қазақстан тұр. Одан соң Моңғолия, Чад, Нигер, Мали, Эфиопия кіреді. Халқының саны жағынан көшті Эфиопия бастайды. Ал Лихтенштейн мен Өзбекстанның көршілерінің барлығы теңізге апаратын жолы жоқ елдер. КСРО құрамында болған 15 елдің 9-ның мұхитқа шығар жолы жоқ.

Әрине, теңізге тіке шығатын жолдың болуы мемлекет дамуында маңызды факторлардың бірі саналатыны рас. Өйткені заманауи сауда-саттықта теңіз жолдарының ролін алмастыратын ешбір бағыт жоқ. Тіпті, адамзат дамуында серпіліс жасаған кезеңдер де жана теңіз жолдарының ашылуымен байланысты болған. Бірақ теңізге апарар жолдың болмауы ел дамуында шешуші рөл атқармайды. Өзге де толып жатқан факторлар бар. Ол жүйелі саяси-экономикалық, әлеуметтік саясаттан бастап, инфрақұрылымдық жобалар, география, адам капиталының дамуы тәрізді сансыз ерекшелікті қамтиды. Бәлкім содан да болар көп зерттеуші ел экономикасының өсімін өзге санаттарды ескере отырып болжайды. Айталық, бірер жыл бұрын Goldman Sachs жалпы ішкі өнім көрсеткіші бойынша 2075 жылға қарай әлем экономикасында шешуші рөл атқаруы мүмкін мемлекеттердің тізімін жариялаған.

Бұл тізім бойынша 2075 жылы әлем экономикасында 57 триллион көрсеткішпен Қытай көш бастаса, 52,5 триллион доллармен Үндістан екінші орынды, 51,5 триллион доллармен АҚШ үшінші орынды иеленбек екен. Осы тізімдегі 34 мемлекеттің ішінде қазір теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер қатарына кіретін Эфиопия мен Қазақстан бар. Ал қазір осындай статустың, бірақ дамыған елдер қатарына кіретін Швейцария, Аустрия, Чехия, Словакия, Люксембург Goldman Sachs болжамында жоқ. Елу жылдан соң Эфиопияның жалпы ішкі өнімі 6,2 триллион долларға, Қазақстанның көрсеткіші 2,1 триллион долларға жететін көрінеді. Яғни, Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз», — дейуін нақты есеп-қисапқа негізделген астары бар деген сөз.

Қазақстан өзінің транзиттік, экспорттық әлеуетін арттыру үшін кез келген қолайлы жолды таңдап, оны дамыта береді. Әрі жаһандағы трендтер мен экономикалық құбылыстарға да дер кезінде үн қатуды басты ұстаным қатарына қосып отыр. Транзиттің барлық компоненттерін пайдалануға барымдыз салып жатырмыз. Сирек металдарды барлау, өндіру ісінде де көштен қала қоймаймыз. IT технология, атом энергетикасы, «жасыл экономика» тәрізді бағыттарды да пысықтап, нақты қадамдар жасалдық. Ал теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің мүдесін ескеру, тек Қазақстан үшін емес, бері айтқанда тұтас аймақтың өркендеуіне үлес қосу болып саналады. Өйткені қазір онаша даму мүмкін емес. Сонымен қатар БҰҰ конференциясының мәртебесін көтеру ұйым қызметін нақты қолдаудың белгісі. Ал БҰҰ әлемдегі дау-шарды шешуге, бейбітшілікті сақтауға, адамзаттың дамуына шама-шарқынша қызмет ететін жалғыз ұйым болып қалып отыр.

Түйін:

Авазада өткен жиынның мәні зор. Өйткені тағдырлас 32 мемлекет басшылары мен өкілдері өздерін толғандырған мәселелерді талқыға салды. Алдағы қадамдарды үйлестіруді көздейді. БҰҰ қызметінен үміт күтеді. Ал Орталық Азия елдері жұдырықтай жұмыла түсетін әдетінен жаңылған жоқ. Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ үшінші конференциясының ашылу салтанатына дейін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының өзара кездесіп, ынтымақтастығының басым бағыттарын талқылап алуы — соның айғағы.

Қазыбек МАЙГЕЛДИНОВ, саясаттанушы:

ТЕҢІЗГЕ ЖОЛДЫҢ ЖОҚТЫҒЫ КЕДЕРГІ ЕМЕС

Авазада өткен конференцияның маңызды екенін көптеген сарапшы айтуда. Біз саясаттанушы Қазыбек Майгелдиновке хабарласып, теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ конференциясы жайлы пікірлестік.

— Авазада А.Гутерриш теңізге шыға алмайтын мемлекеттерге арналған Севилья қаржы міндеттемесін іске асыру қажет екенін атады. Бұл міндеттеме Қазақстанға не береді?

— Севилья қаржы міндеттемесі БҰҰ-ның қаржыландыру конференциясында қабылданған стратегиялық құжат. Дамушы және теңізге шығатын жолы жоқ елдердегі инфрақұрылым жобаларына қолдау көрсететін, сонымен бірге қарызды жеңілдету механизмдері арқылы көмек беруді көздейтін құжат. Біз үшін бұл құжат «Орта дәлізді» дамытуға, жаңа және бұрыннан бар теңіз терминалдарына қатысты ірі жобаларға қажетті халықаралық қаржыны тартуға мүмкіндік береді. Одан бөлек, климаттық өзгерістер мен су тапшылығын ескере отырып, «жасыл экономика» инфрақұрылымына инвестиция тартуға жол ашады. Әрі жеңілдетілген несие шарттары арқылы транзиттік инфрақұрылымда дамытуға да мүмкіндік туғызады.

— Әлемде теңізге шыға алмайтын 44 мемлекет бар, бірақ БҰҰ конференциясы жиын «дамушы елдер» деп бөлек қарастырылады. Бұлай бөле қарастырмай, дамыған елдерді де тарту дұрыс болмас па еді? C5+ форматы тәріздес етіп...

— Теңізге шығатын жолы жоқ елдердің құрылымдық, атап айтқанда географиялық орналасуы, инфрақұрылымы, сауда-саттық тәрізді ерекшеліктеріне байланысты БҰҰ осындай арнайы шаралар мен қаржы механизмдерін әзірлеп отыр.

Әрине, C5+ форматы сияқты көпжақты серіктестік құру тиімді болуы мүмкін. Бірақ Швейцария сияқты дамыған елдердің инфрақұрылымында дамушы елдермен салыстырғанда түбегейлі айырмашылық бар. Ол жағы да ескеріледі деген пікірлемін.

— Goldman Sachs бірер жыл бұрын 2075 жылы әлемдегі экономикалық қуаты жөнінен үздік болу ықтималдығы бар елдердің тізімін жариялаған. Соның ішінде теңізге шығатын жолы жоқ елдерден тек Эфиопия мен Қазақстан ғана бар. Тізімде Еуропаның Швейцария, Чехия, Словакия тәрізді елдері де жоқ. Мұны қалай бағалайсыз? Теңізге шығатын жолдың болуы, болмауы даму үшін шешуші фактор емес пе сонда?

— Goldman Sachs-қа келер болсақ, перспективалық тұрғыда 104 елді қамтыған, 2075 жылға дейінгі экономикалық болжамға сәйкес, теңізге шығатын жолы жоқ елдерден алдыңғы қатардағы отыздыққа тек Эфиопия мен Қазақстанның ғана болуы демографиялық өсім, экономикалық реформалар, табиғи ресурстар мен инфрақұрылым жағдайына байланысты дүние. Айталық, Эфиопиядағы демографиялық өсім өте жоғары, әрі бұл ел индустриялы даму жолын серпінді бастап келе жатыр. Қазақстанға келсек, оның жер аумағы үлкен, транзиттік мүмкіндіктері мол, тұрақты даму саясаты айқын мемлекет.

Зерттеушілер бұл факторларды ескере отырып болжам жасады деген ойдамын. Ал қазір дамыған елдер қатарындағы Швейцария, Чехия, Словакия сияқты елдердің ЖІӨ көрсеткіші бойынша алғашқы отыздыққа енбеуі олардың өсімінің шектеулілігіне байланысты болса керек. Сондықтан Goldman Sachs табыстың өсу әлеуеті жоғары елдердің қатарына оларды енгізбеді. Бұл бағалау мемлекеттердің теңізге шығу мүмкіндігінің болуы, болмауына қатысты емес, өсу динамикасына негізделген болжам.

Жалпы, теңізге шығу мүмкіндігін ел дамуындағы шешуші фактор деп қарастыру ағаттық болар еді. Әлбетте мұндай мүмкіндік ірі экспортқа қол жетімділікті жақсартады, бірақ экономикалық әлеуеттің ұстыны бола алмайды. Айталық, Қазақстан теңізге тіке шықпағанымен, «Орта дәліз» жобасы, Парсы шығанағына, Үнді мұхитына бет түзген түйіспелі бағыттарды пайдаланып жатыр. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» бағыты, Транскапий жобасы, «Солтүстік-Оңтүстік» дәліздері біздің аймақпен өтеді және бұл бағдарларға араласып, оларды пайдалануды күшейтіп жатырмыз. Сонымен қатар цифрлық логистика, инфрақұрылымдық интеграция, «жасыл экономикаға» көшу сияқты факторлар тікелей теңізге шығуға қарағанда ұзақмерзімді даму үшін өте маңызды факторлар.

— Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы да, дамыған да елдерге қандай проблема ортақ деп ойлайсыз? Қ.Тоқаев су тапшылығы мен климаттың өзгеруі ортақ проблема екенін атады. Сіз не дейсіз?

— Теңізге шығар жолы жоқ дамыған және дамушы елдердің де ортақ мәселелері бар. Бірінші кезекте, ол — инфрақұрылым тапшылығы. Өйткені теңізге шыға алмағандықтан, транзиттік мүмкіндіктер, порттар, логистикалық орталықтар жеткіліксіз болуы мүмкін. Одан кейін климаттың өзгеруі, су ресурстары мәселесі де өте өзекті. Президент Қ.Тоқаев атап өткендей, су тапшылығы мен климаттың өзгеруі теңізге жолы жоқ елдер үшін ортақ сын. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы, энергетика, туризм сияқты салаларға тікелей әсер етеді. Тағы бір мәселе — қарызға тәуелділік. Яғни, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін халықаралық несие қажет болады. Өз кезегінде бұл жағдай кейбір мемлекеттерді борыштық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан бұл мәселелерді жете түсініп, инфрақұрылымдық бағытта «Орта дәліз» сияқты жобаларды қолдау, «Жасыл экономиканы» дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы осынау ортақ сын-қатерлерді еңсеретін стратегиялық қадамдар жасап келе жатыр.

— Әңгімеңізге рақмет!

Амангелді ҚҰРМЕТ

СЕНАТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯДЫ



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов дамушы теңізге шыға алмайтын елдер жөніндегі БҰҰ-ның Үшінші конференциясы (LLDC3) аясында ұйымдастырылған Парламенттік форумға қатысты.

Халықаралық парламенттік одақтың, UN-OHRLS және Түрікменстан Парламентінің қолдауымен өткен форум барысында тұрақты дамудың негізгі мәселелері, Аваза іс-қимыл бағдарламасын іске асырудағы парламенттердің рөлі,

сондай-ақ өңірлік және халықаралық әріптестікті нығайту жолдары талқыланды.

Форум қатысушылары LLDC елдері парламенттері арасындағы күш-жігерді үйлестірудің маңыздылығын атап өтті. Бұл, ең алдымен,

көлік және сауда инфрақұрылымын дамытуға, есептілікті қамтамасыз етуге және институционалдық тұрақтылықты арттыруға бағытталған заңнамалық бастамаларды ілгерілету үшін қажет. Сонымен қатар теңізге шыға алмайтын елдердің мүдделерін көздейтін көпжақты сауда жүйесін қалыптастыру, бейбітшілік пен сенімді нығайту және тұрақты даму мақсатында парламенттік ынтымақтастықты күшейту мәселелеріне де ерекше назар аударылды.

Форум қорытындысы бойынша Аваза іс-қимыл бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыруға ұлттық парламенттердің белсенді қатысуын және ынтымақтастықтың негізгі басымдықтарын бекітетін Парламенттік декларация қабылданды.

Қазақстан делегациясының мұндай халықаралық іс-шараларға қатысуы еліміздің парламенттік дипломатия саласындағы ұстанымдарын одан әрі нығайтуға, сондай-ақ тұрақты даму мен өңірлік ынтымақтастық салаларындағы ұлттық мүдделерді ілгерілетуге ықпал етеді.

Б.ИКРАМОВА

ҮКІМЕТ

ШЕКАРА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы берген халықаралық автокөлік өткізу пункттерін реконструкциялау жөніндегі тапсырмалардың орындалу барысы бойынша жиын өткізді.

Онда Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Қаржы министрінің міндетін атқарушы Ержан Біржанов, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары — Шекара қызметінің директоры Ерлан Алдажұмановтың баяндамалары тыңдалды.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, биылғы жоспарда Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекараларындағы (КХР, Өзбекстан Республикасы, Түрікменстан) 9 өткізу пунктін реконструкциялау жұмыстары тұр. Бүгінде олардың 4-еуінде: Қапланбек, Атамекен, Қалжат және Алакөл пункттерінде жұмыстар аяқталды. Бес нысанды жаңғырту жұмыстары жыл соңына дейін өз мәресіне жетпек. «Жібек жолы» жолаушылар өткізу пунктін реконструкциялау жоспардан тыс жүруде, аяқталуы 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында көзделіп отыр.



Жаңғырту жұмыстары кезінде алты жолақты кірме жолдар, электронды қадағалау жүйелерімен қоса алғанда, барлық қызметтер үшін бірыңғай инфрақұрылым құруды көздейтін жағдай жасауға баса назар аударылды.

Баяндамаларды тыңдаған Премьер-Министр кеден қызметінің, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғызстан Республикасы шекараларындағы автомобиль өткізу пункттерін жөндеу мерзімдерінің кешіктірілуіне байланысты салалық министрліктер жұмысын сынға алды.

Олжас Бектенов Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мен Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің

төрағаларын жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастырмағаны үшін жауапкершілікке тартуды тапсырды.

Сонымен қатар министрліктердің жауапты басшылары жергілікті жерлерде жұмысты үйлестіру үшін өңірлерге жіберілді.

Кеден қызметінің кадр құрамына, әсіресе өткізу пункттеріне қатысты талаптарды қатаңдату, сондай-ақ жабықпен жарактандыру және интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша міндеттер қойылды. Көлік, қаржы министрлеріне өткізу пункттерін реконструкциялау барысы туралы Премьер-Министрге апта сайын есеп беру тапсырылды.

Мейір ЖАСЫН

ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІ –

Соңғы жылдары еліміздегі заңнамалық жүйе жаңғырып, экономиканың стратегиялық салаларында бірізділік пен айқындыққа бет бұра бастады. Әсіресе, құрылыс – ел дамуының тамырына қан жүгіртетін маңызды сала. Мемлекеттік саясат аясында қолға алынған реформалардың ішінде құрылыс саласының орны бөлек. Себебі ол – тұрғын үйден бастап әлеуметтік инфрақұрылымға, өндіріс ошақтарынан бастап көлік желісіне дейінгі барлық тіршілік арнасының негізі. Қалалар мен елді мекендердің келбеті, олардың дамуы мен қолайлығы осы саланың тиімділігіне тікелей байланысты.



Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ, Парламент Мәжілісі депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі

ТӘРТІП ПЕН САПА БАСТАУЫ



лыптастыру мен пысықтау мақсатында үлкен жұмыс жүргізілді. Кодекс тек бір саланың емес, тұтас ұлттық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасының болашағына жауап беретін құжат ретінде бағаланды.

Жобаның Парламент Мәжілісіне алғаш түскен кезінде, оның мазмұны әлі де пісіп-жетілмеген, толыққанды жүйелік құжат деңгейіне жетпеген еді. Құқықтық олқылықтар, қайшылықты нормалар, шала тұжырымдар көп болды. Дегенмен Мәжіліс қабырғасында түйткілдермен бетпе-бет келгенде үлкен жұмыс басталды. Жұмыс топтарында депутаттар мен мамандар, сарапшылар мен қоғам өкілдері нақты ұсыныстарын білдіріп, жобаға өмірмен үндес мазмұн қоса түсті.

Құрылыс заңнамасын біріктіру мен жүйелеу арқылы жүзеге асатын кодификация бүгінде ұшығып тұрған мынадай түйткілдердің шешімін табуға негіз бола алады: сапасыз құрылыс жұмыстары; бірыңғай жоспарлаудың болмауы; Жол қозғалысы ережелері мен Бас жоспарға сәйкес келмейтін заңсыз нысандардың салынуы; рұқсат беру рәсімдерінің заңсыз жүргізілуі; жер телімдерінің мақсатсыз пайдаланылуы; инфрақұрылым қуаттарының тапшылығы мен қолданыстағы желілердің шамадан тыс жүктелуі; қысқамерзімді пайда көздейтін фирмалардың нарыққа кедергісіз енуі; хаотикалық құрылыс пен жасыл аймақтардың жойылуы; қалалардың тарихи келбетін бұзу; заңнамалық ережелердің түсініксіздігі мен көптігі; бақылаудың әлсіздігі мен жауапсыздық.

Мәселен, жобалық құжаттаманы сараптау мен құрылыс барысын бақылау жүйесі заман талабына сай емес. Құжаттарға үстірт көзқарас, техникалық қада-

ғалаудың жеткіліксіздігі, әкімшілік рәсімдердің ашықтығының болмауы құрылыс сапасына кері әсер етуде. Бұған қоса, жобалаушы, мердігер, техникалық бақылаушы сынды қатысушылар арасындағы жауапкершіліктің нақты бөлінбеуі де мәселені күрделендіреді.

Осы түйткілдердің шешімі ретінде әзірленіп отырған Құрылыс кодексі құрылыс саласының заңнамалық тұғырын бекітетін жүйелі, іргелі құжат болуға тиіс. Кодекс нормаларды бір арнаға тоғыстырып қана қоймай, саланың ашық, әділ және барлық тарапқа ортақ жұмыс ережелерін қалыптастырады.

Кодекстің мақсаты – заңнаманы жүйелеу, қайталанатын және өзара қайшы келетін нормаларды жою, құрылысты басқаруда цифрлық тетіктерді енгізу, сала қатысушыларының жауапкершілігін арттыру, қауіпсіздік пен энергия тиімділігінің озық стандарттарын заң жүзінде бекіту.

Кодекс құрылыс объектісінің бүкіл өмірлік циклін қамтиды: бастапқы құжаттаманы әзірлеуден бастап жобалау, құрылыс, пайдалануға беру және тіпті оны бұзу кезеңіне дейінгі барлық рәсім қамтылады. Барлық әкімшілік рәсім Бірыңғай цифрлық кеңістік аясында жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, мерзімдерді қысқартып, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Саладағы жауапкершілікті нақты бөлу – кодекстің басты тіректерінің бірі. Жана жүйе аясында жобалаушы жобаның дұрыстығына, мердігер орындалған жұмыстың сапасына, техникалық қадағалаушы бақылаудың дұрыстығына дербес жауап береді.

Сонымен қатар кодексте техникалық реттеу мәселесіне де жанаша көзқарас ұсынылған. Қауіпсіздіктің міндетті талаптарымен қатар тиімділігі дәлелденген жағдайда баламалы жобалық шешімдер мен заманауи материалдарды қолдануға мүмкіндік беріледі. Бұл «жасыл құрылыс» технологияларын, энергия үнемдейтін және экологиялық шешімдерді енгізуге жол ашады.

Сейсмикалық қауіп аймақтарында заманауи оқшаулағыш жүйелер мен инженерлік шешімдерді қолдану арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес сейсмикалық қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Бүгінде Қазақстан аумағы-

зация, халық санының өсуі және өмір сүру сапасына қойылатын талаптардың артуы жағдайында бұл құжат еліміздің сәулеттік келбетін айқындайтын, заманауи инфрақұрылымды қалыптастыратын және азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсартатын маңызды тетікке айналады.

Бүгінде Қызылорда облысында құрылыс кластері қалыптасуда. Сыр елінде цемент және шыны зауыттары жұмыс істеп тұр. Жакында ғана 5 млрд теңгеге кірпіш зауыты ашылды. Сонымен қатар испаниялық Rosa Group компаниясымен бірлесіп, өңірде 70 млн еуро инвестиция тарту арқылы санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын заманауи зауыт бой көтермек. Аталған жобалар өңірлік индустрияның дамуына серпін беріп, құрылыс саласына қажетті материалдардың жергілікті өндірісін жолға қояды. Осындай жана қуаттар мен инновациялық кәсіпорындар Құрылыс кодексінің талаптары мен стандарттарын тиімді іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Парламент алдында кәсіби қауымдастықтың, өңірлік сарапшылардың пікірін ескере отырып, осы кодекс жобасын жан-жақты саралап, талдап, қабылдау міндеті тұр. Құжат тек кең қоғамдық қолдауға ие болған жағдайда өзінің басты миссиясын – елімізде қауіпсіз, сапалы әрі тұрақты құрылыс ортасын қалыптастыруды толыққанды орындай алады.

Айта кету керек, Мәжілістегі жұмыс топтарының жұмысы әдеттегі формалдылықпен шектеліп қалған жоқ. Әр ұсыныс, әр пікір кенінен талқыланды, нақты мысалдармен негізделді. Құрылыс саласындағы нақты проблемаларға қанық депутаттар әр өңірдің ерекшелігін ескеріп, бірқатар маңызды түзету енгізді. Мысалы, құрылыс кепілдігіне қатысты қолданыстағы заңнамада нақты, міндетті механизмдердің жоғын сынға алды. Жобаның алғашқы нұсқасында кепілдікке қатысты талаптар өте жалпылама әрі нақты мерзім, жауаптылық, тетіктері нақты көрсетілмеген еді. Дәл осы тұсқа бірқатар маңызды ұсыныс енгізілді.

Зан жобасының бастапқы күйі мен қазіргі толықтырылған, жүйеленген нұсқасы – үлкен еңбектің жемісі. Жобаны талқылау барысында артық сөзден гөрі нақты ұсыныстар мен дәлелді деректер басым болды. Осындай ортақ түсіністік пен жауапкершілік заң жобасын сапалы деңгейге жеткізуде.

Осы жолда әр бапты байыппен қарап, әр тармақты терең сарапта салып, ел игілігі үшін тиімді тетіктерді заң тіліне түсіруде жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Әбенов Мұрат Абдуламұтының еңбегі айрықша. Ол күрделі құжатты қоғам талабымен ұштастырып, уақыт сынынан сүрінбейтін заңға айналдыру бағытында табанды жұмыс жүргізуде.

Ендігі кезекте жұмыс топтарының алдында тұрған басты міндет – Құрылыс кодексінің мейлінше толықтырып, саладағы нақты қажеттіліктер мен қоғам сұранысына бейімдеу. Осылайша, құжаттың әр тармағы нақты істе іске асатын тиімді шешімдердің негізіне айналмақ.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТҚА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

«Заң және тәртіп» нарративі аясында Қаржылық мониторинг агенттігі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Ішкі істер министрлігімен және «AMANAT» партиясымен бірлесіп, зейнеткерлерге арналған «Қаржылық алаяқтықтан қалай сақтануға болады?» атты семинар өткізді.

Іс-сараға мыңнан астам адам қатысты. Кенінен ақпараттандыру мақсатында семинар YouTube платформасында тікелей эфирде көрсетілді.

Алаяқтардан қорғану мен қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында «Зан мен тәртіп» қағидасы аясында «Өзіңізді қаржылық алаяқтықтан қалай қорғауға болады?» тақырыбында семинар өтті. Семинарға жастар мен зейнеткерлер қатысты. Семинарда белгілі болғандай, еліміздегі қылмыстардың 4/1 бөлігін интернет алаяқтық құрап отыр.

ПІМ Киберқылмыстарға қарсы іс-қимыл департаменті басшысының орынбасары Бейбіт Біржановтың айтуынша, бұл көрсеткіш ұрлық санынан да асып кеткен екен.

«Біздің департамент былтыр қарашадан бастап жұмыс істей бастады. Жарты жылда Қазақстаннан тыс 67 млн-ға жуық қонқыра бұғатталды. Бұл – күніне әр азаматқа түсетін бір қоныраудың жолы кесілді деген сөз. Осындай қонқырау шалуға арналған 76 құрылғы елаумағынан төркеленді. 88 мың тіркелмеген телефон нөмірі анықталды», – деді Біржанов.

Өз кезегінде «Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы Дулат Мыңбаев жоба

аясында қандай кейстер шешілгенін атап өтті.

«Қарызсыз қоғам» жобасы – еліміздегі көп азаматқа нақты көмек беріп жатқан бастама. Жоба аясында қиын жағдайға тап болған тұрғындар қолдау тауып, қаржылық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік алды. Бүгінгі тақырып – қаржылық алаяқтық. Азаматтарымыз тек қаржы пирамидалары немесе интернет алаяқтардың ғана емес, кейде өз таныстарының да арбауына түсіп қалып жатады. Мысалы, кей жағдайларда жақын туыстары немесе достары олардың атына бірнеше несие рәсімдеп, кейін ол қарызды төлемей кетіп қалады. Ал несие әлгі адамның мойнында қалады», – дейді сарапшы.

Сарапшы мұндай схеманың салдары қандай ауыр болатынын көрсету үшін нақты адамдардың тағдырын мысал еткен. Мәселен, жалғызбасты дәрігер танысына несие алып беремін деп тығырыққа тірелген.

«Бұл адам кәсіп ашамын деген танысына сеніп, өз атына 13 миллион теңге несие рәсімдеген. Айлық табысы небәрі 350 мың теңге болғанымен, несие жүктемесі 500 мың теңгеге жеткен. Танысы ақшаны алған соң ізім-ғайым жоғалған.



Кейін білсе, ол алаяқтық фактісі бойынша сотталған адам екен. Бірақ бұған қарамастан, несие дәрігердің мойнында қалды. Жоба аясында біздің жангерлеріміз оған көмек көрсетіп, несие төлейтін кестесі жалақысына сай құрылды. Қаржылық сауаттылық курсынан өтіп, қазір несиені уақытылы өтеп отыр», – дейді Дулат Мыңбаев.

Осыған ұқсас тағы бір оқиға Қызылорда қаласында болған екен.

«2018 жылы сәбиінің емі үшін несие рәсімдеген азаматшаның өкінішке қарай сәбиі шетінеп кеткен. Тұрақты табысы болмағандықтан, қарызын жаба алмай қалған. Астана қаласына келіп, әртүрлі жұмыс істеп жүргенде «Қарызсыз қоғам» жобасы туралы естіп, «AMANAT» партиясына өтініш білдірген. Біздің мамандар

оның несие тарихын қалпына келтіріп, банкроттық рәсімін реттеп, барлық қарызын заңды түрде жапты», – дейді ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауаттылықты арттыратын сабақтар онлайн және офлайн форматта өтеді. Қазір барлық азамат сайт арқылы қазақ және орыс тілдеріндегі сабақтарға қатыса алады.

Жоба аясында оқушылардан бастап зейнеткерлерге дейін қаржы басқару негіздерімен танысып, қарыздан құтылу жолдарын меңгере алады. Мыңбаев атағандай, 2025 жылдан бастап бұл жоба несиесін 90 күннен аса өтей алмай жүрген азаматтарға бағытталған.

«Біз мұндай азаматтарға жангерлік кеңес беріп, қиындықтан шығудың тиімді жолдарын ұсынамыз», – дейді ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс әкімдіктерінің, сондай-ақ Қазақстанның 12 коммерциялық банкінің қолдауымен жүзеге асып келеді.

Жобаның сарапшысы Жұлдыз Аскарованың айтуынша, осы уақытқа дейін қиын жағдайға тап болған азаматтардың мәселесі онынан шешіліп келеді.

«Үш жыл ішінде 845 мың азамат «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауаттылық курстарынан өтті. Ал 2025 жылдың басты ерекшелігі – мерзімі 90 күннен асқан қарызды бар азаматтарға басымдық беру», – деді ол.

ҚМА департамент басшысының орынбасары Андрей Давыдов еліміздегі қаржы пирамидаларының құрығына қалай түсіп қалмау керекін түсіндірді.

«Елімізде 2021 жылдан бастап 100 қаржы пирамидасы таратылды, олардан 86 мың салымшы зардап шеккен. Олар 37 млрд теңге залал келтірген. Қаржы пирамидаларын құрғаны үшін 226 адам сотталды. Егер сіздерге қарыз беремін, ақшанды өсіріп беремін деген ұсыныстар түссе, оны мұқият қарап, құзырлы органдарға жауап хабар беру керек. Қаржы пирамидаларына кірген адамдардың тек бастапқылары қабасы табады. Қалғандары онық жеп, ақшасынан айырылады. Бұл схемаларды әр азаматтың білгені абзал. Желілік маркетинг пен қаржы пирамидаларын ажыратып алу керек. Маркетингте сіз сапалы тауар аласыз, ал қаржы пирамидалары ақша салып, артыңыздан ақша салатын адам тартуды сұрайды», – деді Давыдов.

Айта кетейік, қаржы сарапшылары семинарға жиналған 500-ге жуық адамды жеке қабылдап, кеңес берді.

МӘСЕЛЕ

ДӘРІНІҢ ДӘМІ ЕМЕС, ҚҰНЫ АЩЫ



(Басы 1-бетте)

А Елдос СЕНБАЙ

Соның 240 мыңын ауруханаға жатқызуға тура келіпті. Дәрігерлер бір жылда 130 мыңнан аса операция жасады. Оның 1 556-сы — жоғары технологиялы, аса қымбат ота. Жазатайым оқиғалар статистикасы жаңа деректермен толықты. Мәселен, 2024 жылы балалардың терезеден құлауының 357 жағдайы тіркелген, соның ішінде 25 жағдайда балдырғандар қоза тапқан. 2025 жылдың 4 айында осындай 107 қайғылы оқиға тіркелді, оның 7-еуі бала өлімімен аяқталған.

Жыл сайын өршіп бара жатқан жол-көлік оқиғаларының статистикасы да үрей тудырады: 2024 жылы жол апатынан 41 мың адам зардап шекті, бұл 2023 жылғыдан 2 еседен астамға көп. Биылғы көрсеткіш одан да жоғары болуы мүмкін: 2025 жылдың бірінші жартысында ЖКО-да 21 мыңнан аса адам жарақат алды, былтырғы бірінші жартыжылдықтағы сан 13 мың адамды құраған. Егер автосақтандыру төлемі автомобильді қалпына келтіруге септессе, ал мерткікен, жараланған адамдардың емделуіне және сауықтыру іс-шараларына Әлеуметтік медсақтандыру қорынан көмек жоқтын қасы. Азаматтар проблемасымен жалғыз қалады.

Бұған енді медициналық қызметтердің, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қарқынды қымбаттауы қосылып, қосымша соққы болды. Биылғы 18 шілдеде Парламент қабылдаған жаңа Салық кодексі ресми жарияланды, әйткенмен, құжат өтпелі кезеңнен соң, 2026 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді. Кодекске сәйкес, келесі жылдан бастап дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қосылған күн салығы (ККС) енгізілетін болады.

ҚОСЫЛҒАН «ҚИЫНДЫҚ» САЛЫҒЫ

ККС-тің базалық мөлшерлемесі қазіргі 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеріледі. Алайда медицина үшін бұл салық бірден емес, біртіндеп артады. Атап айтқанда, 2026 жылғы мөлшерлеме — 5%-ды, ал 2027 жылы — 10%-ды құрайды. Осыған орай Үкімет үйіндегі брифингте Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова ККС енгізілгеннен кейін дәрі-дәрмек бағасының қаншаға өсетінін болжады.

— Біз бұл тұрғыда есептемелер жүргіздік. Медициналық қызметтердің, дәрілердің қаншаға қымбаттайтынына келсек, пайымдауымызша, 5 пайыз дәлдізінде өсім болады, — деді А.Әлназарова. Сонымен бірге ол тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) топтамалары аясында көрсетілетін медициналық қызметтер жаңа Салық кодексімен қосылған күн салығынан толығымен босатылғанын еске салды. Мұны ол өз ведомствосының бір жетістігі санайды. «Әйтпесе, ол да болмайтын еді!» — дегенге келтірді.

Денсаумині басшысы басқа санаттар үшін ККС 5-тен 10 пайызға дейін кезең-кезеңмен арттырылатынын еске салды. Бірден емес, бірте-бірте енгізуге қол жеткізу үшін де күш салуға тура келіпті. Сөйтіп, «СҚ-Фармация» бірыңғай дистрибьюторы мемлекет атынан дәрі-дәрмек пен медбұйымдар сатып алса, ККС төлемейді. Ал қарапайым дәріханалардан қарапайым қазақстандықтар осы өнімдерді сатып алса, енді аталған салықты да қоса төлеуіне тура келеді. Демек, болашақта емделу ең кемі он пайызға қымбатқа түспек.

— Жаңа кодекске қатысты тағы бір жайт бар: көтерме және бөлшек сегментте сатылатын өмірлік маңызды дәрілік препараттар ККС-тен толығымен босатылады. Олардың жеке тізімі болады және түпкілікті тізімін уәкілетті орган анықтайды. Бұл жұмысқа кірісіп кеттік және жакын уақытта тізімді айқындаймыз, — деді Денсаулық сақтау министрі.

Осының алдында журналистер Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаевтан доллар бағамының өсуіне байланысты дәрілердің қаншалықты қымбаттайтынын сұраған болатын. Ол туралы жауаптан жалтарып кетті, тек мемлекет сатып алатын дәрілік заттардың бағасының көп өсуіне жол берілмейтінін білдірді.

— Бұлар қымбат болмайды. Бізде «СҚ-Фармация» сатып алатын дәрілік препараттар бағасының өспейтінін сенімді мәлімдей аламын. Себебі құны регламенттелген, бекітілген. Отандығы да, импорттығы да солай. Мұның сыртында Қазақстан аумағында сатылатын өзге дәрі-дәрмектердің шекті бағасы бар. Дәріханалар одан қымбат сата алмайды. Баға шегін Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді, — деді вице-министр Ержан Нұрлыбаев.

Оның мәліметіне сәйкес, министрлікке дәрі бағасын қайта қарау туралы өтініштер әзірге түспепті. Министрдің орынбасары биылғы жыл соңына дейін препараттар бағасы өзгермейтінін уәде етті. Алайда келесі жылға кепілдік жоқ. Бұған қоса, медицина шенеунігі 2026 жылы Денсауминінің №207-ші жаңа бұйрығы қолданысқа енгізілетініне еклін түсірді. Құжат саладағы баға қалыптастыру тәсілдерін жаңаша реттейтін болады. Бірақ вице-министрдің пікірінше, дәрі-дәрмек құнына ортадағы делдалдардың тым жоғары үстемеақысын қосуына жол берілмеуге тиіс. Жаңа бұйрықта да осы мәселе қарастырылады.

БАҒА «КӨТЕРІЛІСІНЕ» ТОҚТАУ БАР МА?

Сонда медикament пен медициналық бұйымдар бағасы тоқтаусыз басқа шауып, төске өрлей бермек пе? Салалық ведомство оған тосқауыл қоюдың түрлі жолы қарастырылып, тіпті сыналып жатқанын жеткізді. Мәселен, тендердің жаңа ережелерін енгізу ауруханалардың, сондай-ақ диспансерлік есепте тұрған, созылмалы сырқаттары бар науқастарға тарату мақсатында



Медициналық қызметтер құнының өсімі әсіресе жазатайым оқиғалар санының күрт артуы жағдайында елге ерекше ауыр соғып тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, 2024 жыл қорытындысында травматологиялық көмекке 2,5 миллионға жуық адам жүгінген.

емханалардың қажеттілігі үшін сатып алынатын дәрі-дәрмектер бағасын төмендетуге мүмкіндік берген екен.

Министрліктің хабарлауынша, 2025 жылдың 1 қаңтарынан медициналық ұйымдардың барлық дербес сатып алуы біріктіріліп, Электрондық қаржы орталығының веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырыла бастады. Бұл өзгеріс денсаулық сақтау саласындағы сатып алу процесстерінің айқындылығын арттыруға бағытталған маңызды қадам болыпты.

«Соның нәтижесінде, осы жылдың 5 айында порталда 778 медициналық ұйым тіркеліп, жалпы сомасы 119,5 миллиард теңгеге дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды жеткізуге шарттар жасалды. Бұл шаралар мәмілелердің ашықтығын және автоматтандырылуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ бағаларды тиімді бақылауға және ресурстарды үнемдеуге, нақты



бәсекелі ортаны құруға жол ашты», — деп түсіндірді Денсаулық сақтау министрлігі.

Сатып алу науқанына жүргізілген талдау, мәселен, экстемпоралдық ерітінділер бағасының — 11%-ға, шприцтерге — 14%-ға, реагенттер жиынтығына — 11%-ға, катетерлерге — 5%-ға, пембролизумаб құнының 24%-ға айтарлықтай төмендегенін көрсетіпті.

Бұдан бөлек, енді мемлекеттік медициналық ұйымдар өзіне керекті кейбір дәрі-дәрмекті өзі жасауға көшірілмек. Делдалдарды азайту арқылы бағаны арзандатуға ықпал етуге тиіс бұл тын бастама келесі жылы кең өрістемек. Алғашқы қадамдар жасалып та қойды.

— Клиникалық фармакология және госпитальдық фармация бөлімшелерін дамыту жұмысы қолға алынды. 2026 жылдың соңына дейін еліміздің медициналық ұйымдарында 441 госпитальдық фармация бөлімшесін ашу жоспарланып отыр. Бүгінде осындай 91 бөлімше ашылып, жұмысқа кірісті. Бастаманы енгізу нәтижесінде Астанадағы №2 көпбейінді қалалық аурухана мен Атыраудағы №2 облыстық аурухананың базасында 30–40%-ға дейін экономикалық тиімділікке қол жеткізілді, — дейді Денсаумині мамандары.

Сонымен қатар 2025 жылғы мамырдан бастап дәрі-дәрмектерді сақтау және тасымалдау бойынша қызметтерді сатып алу процесі электрондық форматқа ауыстырылды. Байқаулар еліміздің 7 өңірі бойынша жарияланды. Алдын ала дерек бойынша шамамен 1 млрд теңгедей бюджет қаражаты үнемделіпті.

Отандық дәрілер өндірісін арттыру да қымбатшылықтың екпінін басуға үлес қоса алар еді. Президент 2029 жылға қарай отандық дәрі-дәрмек өндірісінің үлесін 50%-ға дейін жеткізуді жүктеді. Бұл тапсырмасын орындау бағытында не істеліп жатыр? Денсаулық сақтау министрлігі кешенді шаралар қабылданғанына сенімді. Соның арқасында 2024 жылы қазақстандық фармацевтикалық өнімнің көлемі 22%-ға артып, табысы 171,6 млрд теңгеге жетті. Тартылған инвестицияның ауқымы екі есе өсіп, 91,3 млн долларды құрапты. Экспорт 32,9%-ға ұлғайып, 52,1 миллион долларға жеткен.

Ведомство фармацевтикалық өнімнің 2 466 аталымын шығаратын 34 қазақстандық өндірушімен 10 жылға дейінгі мерзімге жалпы саны 90 ұзақмерзімді шарт жасалғаны туралы құлағдар етті. Әлеуметтік мәні бар дәрі-дәрмектерге нақты қажеттілікті есепке алу үшін ұзақмерзімді шарттар жасасу тәртібі қайта қаралған.

Pfizer, Hoffmann-La Roche және AstraZeneca сияқты әлемдік атакты компаниялармен келісімшартты өндіріс туралы контракттар бекітілді. Локализациялауға қойылатын талаптар күшейтілді. Өзгені қайталамайтын бірегей препараттар өндірісі ынталандырылады. Бизнес-қоғамдастықтың ұсынысын ескеріп, нормативтік базаны қайта қарау бойынша белсенді жұмыс басталған екен.

Бүгінде елімізде осы салада 207 қазақстандық тауар өндіруші жұмыс істейді. Көп өсті деу қиын: 2023 жылы олардың саны 193 болатын. Отандық фармкәсіпорындардың тек 43-і дәрілік заттарды өндіреді. Көпшілігі, 164-і медициналық бұйымдар жасаумен айналысады.

Қалай болманды, Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмектің бағасын төмендетуді және

ӨЗЕКТІ



ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДІҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Қарағанды қаласында «Бізбен бірге бол!» атты интеграциялық орталық ашылды. Бұл – өңірде менталды ерекшеліктері мен мүгедектігі бар 16 жастан асқан азаматтарға арналған жалғыз кеңістік.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Мұнда әлеуметтік бейімделу мен кәсіби даму бағытындағы түрлі бағдарлама жүзеге асырылады. Орталықта арт-терапия, спорт, йога, би, тігін ісі бойынша сабақтар өткізіледі, шығармашылық және қолданбалы шеберханалар жұмыс істейді. Қызметкерлер құрамында 11 маман — психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, заңгерлер мен кеңесшілер бар. Орталық бір мезгілде 200 адамға дейін қабылдай алады. Қазір 30 қатысушы жүйелі түрде сабақ алып жүр.

Бұл — жаңа дағдыларды меңгеруге, әлеуетті ашуға, өзге адамдармен қарым-қатынас орнатуға және біртіндеп өз бетінше өмір сүруге бейімделуге мүмкіндік беретін кеңістік.

— Бұл орталықты ашуға біз бес жылдан астам уақыт жұмсадық, — дейді орталықтың негізін қалаушы, АСЕТ



inclusive қоғамдық бірлестігінің директоры және менталды ауытқуы бар жасөспірімнің анасы Әсел Бекбаева. — Өз тәжірибемнен білемін: мұндай адамдардың көбі төрт қабырғаға қамалып, дамуға, жұмыс істеуге, қоғаммен араласуға мүмкіндік ала алмай жатады. Біз олар үшін қауіпсіз әрі ашық орта жасағымыз келді. Әрқайсысы өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, қабілеттерін дамытып, болашақта өзіне лайықты жұмыс тауып, өмір сүре алатындай жағдай туғызуды мақсат еттік. Концепцияны әзірлеу барысында біз Франция және басқа да Еуропа елдерінің тәжірибесін зерттедік. Мұндай орталықтар ол жакта өз тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген.

Орталықтың басты мақсаты — күнделікті өмірде және еңбек саласында қажет болатын базалық дағдыларды үйрету. Бұл әсіресе балалық шағынан бастап үнемі қамқорлыққа болған адамдар үшін өте маңызды.

— Біз ең қарапайым тұрмыстық дағдылардан бастаймыз: үстел басында дұрыс отыру, ыдыс қою немесе жинау, себебі ата-аналардың шектен тыс қамқорлығы салдарынан көпшілігі мұны білмейді немесе орындауға құлықсыз, — деп түсіндіреді Әсел Бекбаева. — Уақыт өте келе тағам дайындауға, наубайшылыққа, бариста кәсібіне баулимыз. Бұл дағдыларды олар болашақта орталықтың жанынан ашылатын инклюзивті дәмханада іс жүзінде қолдана алады. Ол жерде қызмет көрсететін жандардың барлығы менталды ерекшелігі бар азаматтар екенін келушілер де білетін болады.

Орталықта кәсіби бағдарлау мен жұмысқа бейімдеу мәселесіне де ерекше назар аударылады. Жыл басында жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында бұл жоба аса өзекті. Мұндағы оқыту алдағы тұрақты еңбекке орналасудың алғашқы баспалдағына айналуы мүмкін.

Орталық Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан ауданында орналасқан. Жобаны 2025–2027 жылдар аралығында АСЕТ inclusive қоғамдық бірлестігі Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы іске асыруда.

ЖЕРҰЙЫҚ

7 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Алматы облысы Орталық Азиядағы туризмнің тартымды орталықтарының біріне айналуда. Биыл алғашқы тоқсанда өңірге 162 мың турист келген. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 62%-ға артық. Сарапшылар бұл серпінді өсімді халықаралық деңгейдегі Алматы тау кластерінің қарқынды дамуымен байланыстырады. Бүгінде ол жыл он екі ай жұмыс істейтін, жан-жақты инфрақұрылымы бар жаңа туристік хабқа айналып келеді.

Қазір облыс аумағында 270 туристік орналастыру нысаны жұмыс істейді. Олар 161,5 мың төсек-орынмен қамтылған. Соның ішінде тек таулы аймақтың өзінде 140 туристік база бар. Бұл — былтырғы жылмен салыстырғанда 8,6%-ға артық көрсеткіш. Алайда туризм саласындағы басты жаңалықтар алда.

Тау кластерін дамыту аясында ірі халықаралық жобалар іске қосылуда. Соның бірі — вьетнамдық Crystal Bay компаниясы мен «Кипрос» ЖШС арасындағы серіктестік. Қол қойылған меморандум аясында «Ақ-Бұлақ» курортын жаңғырту көзделіп отыр. Жоба аясында гольф-клуб салынып, қонақүй кешені кеңейтіледі. Инвестиция көлемі — 233 млрд теңге. Бұл жоба 700 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Қазір курорттың мастер-жоспары әзірленіп, топографиялық түсірілім аяқталған.

Тағы бір ауқымды бастама — Oi-Qaragai курортын кеңейту жобасы. Оның аумағы 105 гектардан 1000 гектарға дейін ұлғаймақ. 2028 жылға қарай мұнда 500 жаңа жұмыс орны ашылып, жеке инвестиция көлемі 83,2 млрд теңгеге жетеді. Бұл ретте облыс әкімдігі туризм нысандарына қажетті инфрақұрылымды — газ, электр қуаты, су және жол желілерін — қатар дамытуды қолға алып отыр.

Облыстық туризм басқармасының мәліметінше, Алматы тау кластеріндегі



туристер саны жылына 300 мыннан 850 мың адамға дейін ұлғайтылады деп күтілуде. Бұл көрсеткіш өңірдің туристік әлеуетін толық ашуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және жергілікті кәсіпкерлікті жандандыруға жол ашады. Сонымен қатар кешенді жоспар аясында Қаскелең және Түрген шатқалдарын дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Бұл мақсатқа 70 миллион теңге бөлінген.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Алматы агломерациясы Жергілікті кеңесінің кезекті отырысын өткізген болатын. Онда Алматы таулы кластерін дамыту аясында заманауи туристік инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыстарды үйлестіру мәселелері қарастырылды.

Биыл туристердің қызығушылығын арттыратын бірқатар жоба атқарылып келеді. Соның бірі — Қонаев қаласында шілдеде әлемнің түрлі елінен келген жүзушілер қатысқан ірі халықаралық турнир — OCEANMAN Kazakhstan-2025

өтті. Биылғы жарысқа Үндістан, БАӘ, Франция, Кувейт, Италия, Ұлыбритания, Германия сынды 18 елден 2000-нан астам спортшы қатысты. Қапшағай жағалауында жанкүйерлермен бірге 3000-нан астам адам жиналды.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев: «Төртінші жыл қатарынан біздің облыста бұл беделді халықаралық жарыс өтіп жатыр. Мұндай бастамалар бұқаралық спортты дамытуға ғана емес, туризмге де серпін береді. Қатысушылар елімізден керемет әсер алып, қайта оралуға ниетті боларына сенімдімін», — деп атап өткен болатын.

Жарысқа кәсіби спортшылармен қатар әуесқой жүзушілер де қатысты. Жөнімпаздар осы жылдың желтоқсанында Дубайда өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.

Биылғы жарыстың ерекше сәттерінің бірі — INSPIRATION санатына ретін ерекше қажеттілігі бар 15 баланың 6 шілдедегі жүзуге қатысуы болды. Әр

балаға жеке қамқоршы бекітіліп, арнайы дайындалған спортшылармен бірге жүзді. Қауіпсіздік үшін 22 жүзу құралы, ТЖМ-нің 4 қайығы мен еріктілер жұмылдырылды. Сонымен қатар қатысушыларға арналған тамақтану және демалу орындары ұйымдастырылған. Жарыстың алғашқы күнінде 10 және 5 шақырым қашықтықтар өтті. Екінші күні SPRINT, OCEANKIDS және OCEANTEAM дистанциялары ұйымдастырылды. Қапшағай су қоймасының жағалауында өтіп жатқан бұл ауқымды шара спорт пен достықтың, табиғат пен адам рухының тамаша мересіне айналды.

Жалпы, Қонаев қаласына жазғы туристік маусымда биылғы маусым-шілде айларында Қапшағай су қоймасының жағалауына 1,5 миллионнан астам адам келіп, қала еліміздегі ең танымал демалыс орындарының бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бүгінде шаһар аумағында екі негізгі рекреациялық аймақ жұмыс істейді: Алматы және солтүстік жағалауы.

ҚИҒАШ БОЙЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҚ

Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Теңіз ауылында алғаш рет ұйымдастырылған «Lotus Fest – 2025» халықаралық мәдени-туристік фестивалі өңір туризмін дамытуда елеулі қадам болды. Лотос – сирек кездесетін, табиғи сұлулығымен ерекшеленетін өсімдік. Бір ғажабы, әйгілі лотос гүлі – Жапония, Қытай, Үндістан сияқты санаулы елдерде ғана кездесетін сирек өсімдік. Ал Қиғаш бойы – жабайы лотос өсетін Қазақстандағы жалғыз табиғи мекен. Оның жүлдеу кезеңі – шілде мен тамыз айлары аралығы – туристер үшін нағыз қызықты сәт. Бұл кезеңде Қиғаш өзенінің сағасында өсетін лотос алқаптары табиғаттың керемет көрінісіне айналып, мыңдаған туристің қызығушылығын тудырды.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

«Lotus Fest – 2025» халықаралық фестивалі тамыздың ортасына дейін жалғасады. Фестивальдың алғашқы күнінен-ақ оған 5000-ға жуық турист келуі өңірдің жоғары туристік әлеуетін көрсетеді. Фестивальдың алғашқы күні 550-ден астам қайық рейсі орындалған. Бұл шамамен 3000 туристің лотос алқаптарын су бетінде тамашалағанын білдіреді. Бұл көрсеткіштер – бұрын табиғат туризмімен көп танылмаған Атырау облысы үшін рекордтық жағдай болып отыр.

Фестиваль аясында ұйымдастырылған 20-дан астам киіз үй, этноауыл, ұлттық спорт түрлері, қолөнер мен ұлттық тағамдар жәрменкесі – барлығы ішкі және шетелдік туристерге қазақ халқының мәдениетін терең таныстыруға бағытталған.

Атап өту керек, фестиваль аясында ұлттық тағамдар мен қолөнер жәрменкесі туристердің ерекше қызығушылығын тудырды. Қолөнер жәрменкесінде Құрманғазы ауданынан 25, облыстың басқа аудандарынан 10 және Ресейден келген 3 кәсіпкер өз өнімдерін ұсынды. Осылайша, ресейлік кәсіпкерлер фестивальға қатысып, трансшекаралық туризм бағытында ықпалдастық орнауына түрткі болды. Қонақтар әртүрлі бұйымды тамашалап, ұлттық тағамдардан дәм татты. Гастрономиялық аймақта қазақтың дәстүрлі тағамдары мен түрлі жеңіл-желпі тағамдар ұсынылды. Бұл қонақтар үшін жергілікті мәдениетпен танысудың тамаша мүмкіндігі болды. Этнотуризм қазіргі жаһандық трендтердің бірі болып саналатынын ескерсек, бұл — Атырау облысының туризм саласын арттаптандырудағы маңызды бастама.

ТУҒАН ӨЛКЕНІ ТАНУ
«Lotus Fest – 2025» фестивалі аясында Атырау қаласынан келген Atyrau Nomads туристік клубы табиғат аясында отбасылық демалыс ұйымдастырды. Сапарға 150-ден астам адам, оның ішінде ересектер мен балалар қатысты. Туристер 30 автокөлікпен келді.



Клуб қатысушылары 26 шілдеде фестиваль аумағында орналасты, ал 27 шілде күні таңғы 07:00-де Қиғаш өзеніндегі лотос алқаптарына сапар шекті. Гүлдеген лотостарды су үстінде тамашалау үшін 15 арнайы қайық ұйымдастырылды.

Клубтың негізін қалаушы Ерлан Туралиевтің айтуынша, қатысушылардың басым бөлігі лотосты алғаш рет көреді. Atyrau Nomads клубы үшін бұл екінші сапар — 2022 жылы мұнда табиғатқа арналған танымдық тур өткізген.

— Лотос — балалармен бірге көруге тұрарлық сирек табиғи құбылыс. Біз бұл

жолы бүкіл отбасымызбен келіп, балаларымызға туған өлкенің бай табиғатын көрсеткіміз келді. Мұндай сапарлар қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді, — дейді клубтың негізін қалаушы Ерлан Туралиев.

Atyrau Nomads — белсенді туристерді біріктіретін клуб. Бұған дейін олар Қазақстанның әртүрлі өңірінде, соның ішінде Маңғыстау облысындағы Бозжыра үстіртінде болған. Келесі отбасылық сапарларын тамыз айында Бөкейорда ауданына жоспарлап отыр. Аталған сапар ішкі туризм мен табиғи мұраны насихаттауға бағытталған.

Шынын айту керек, табиғат аясындағы демалысты тандаушылар үшін Atyrau Nomads туристік клубының отбасылық сапары — экотуризмнің әлеуеті қаншалықты жоғары екенін көрсетті. Клуб мүшелерінің айтуынша, мұндай сапарлар



балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ФЕСТИВАЛЬДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Фестиваль табиғатпен ғана емес, ұлттық спорт жарыстары, кешкі концерттер, отшашу, көркемөнер, ұлттық ойындар сынды ауқымды бағдарламаларымен де ерекшеленді. Құрманғазы ауданының Теңіз ауылында өткен «Lotus Fest – 2025» фестивалі аясында ұлттық спорт түрлері-



нен жарыстар мәресіне жетті. Жарыстарға Атырау қаласынан және Мақат, Индер, Махамбет аудандары мен Құрманғазы ауданының ауылдық округтерінен келген спортсүйер қауым белсене қатысты.

Кол күресіне 24 спортшы, 80 келіге дейінгі салмақтағы қазақ күресіне — 18, 80 келіден жоғары салмақта 10 балуан қатысты. Арқан тарту сайысына 6 команда, шамамен 30 спортшы қатысты. Бұл жарыс нағыз командалық рухтың мерекесіне айналып, көрермендердің ерекше ықыласына ие болды.

Әсіресе, қазақ күресінің ардагері, 43 жастағы Бекболат Салыков көптің назарын аударды. Ол кезекті рет өзінің шеберлігін дәлелдеп, ардагерлер арасында чемпион атанды. Ұлттық ойындар жарысы туристерге қазақтың дәстүрлі спортын таныстыру арқылы мәдени туризмге тың серпін берді.

ӨНІРЛІК БРЕНДКЕ АЙНАЛАР ӘЛЕУЕТ БАР

Элнур Махмудов — осы Lotus фестиваліне Әзербайжаннан арнайы келген турист. «Лотосты өз көзіммен көру — арманым болатын. Ретін тауып, арнайы жоспарлап фестивальға келдім. Маған бұл жақтағы атмосфера қатты ұнады. Болашақта достарымды алып, лотос алқабына тағы да келгім келеді» дейді шетелдік қонақ.

«Lotus Fest – 2025» фестивалі тек бірреттік шара емес, өңірлік брендке айналу мүмкіндігі бар. Туризм саласының сарапшылары мұндай табиғи ерекшеліктерді пайдалану арқылы Атырау облысының туризмін дамытып, ішкі туризммен қатар халықаралық туристерді тарту мүмкіндігі артады деген болады.

«Фестивальды жыл сайынғы тұрақты шараға айналдыру жергілікті кәсіпкерлер мен тұрғындардың табысын арттыруға да мүмкіндік береді. Екіншіден, Қиғаш өзенінің маңындағы экологиялық маршруттарды дамыту қажет. Бұл қадам табиғи ландшафтты сақтау және туристерге

Алматы жағалауында ірі қонақүй кешендері мен жеке жағажайлар орналасса, солтүстік бөлігі заманауи инфрақұрылымы бар қолжетімді қоғамдық аймақ ретінде дамып келеді. Негізгі жүктеме абаттандырылған №5, №6 және №7 жағажайларға түсті. Мұнда санитарлық және сервистік талаптарға сай жағдай жасалған: 75 әжетхана, 170-тен астам кокыс жәшігі мен контейнер орнатылып, құтқарушылар, медицина және техникалық қызметкерлер кезекшілік етеді. №5 жағажайда күн сайын 20 қызметкер жұмыс істейді, демалыс күндері мұнда 2,5 тоннаға дейін кокыс шығарылады. Ал №6 және №7 жағажайларында 10 құтқарушы мен медицина қызметкерін қоса есептегенде 30 қызметкер бар, демалушылар көп күндері шығарылатын кокыс көлемі 3 тоннаға жетеді.

Қауіпсіздікті бақылау үшін жасанды интеллект негізіндегі бейнабақылау жүйелері орнатылған. Жағажайдағы жалпы жағдайлы полиция, төтенше жағдайлар қызметі және жеке күзет мекемелері қадағалайды. Әкімдік дерегінше, жазатайым оқиғалардың көпшілігі рұқсат етілмеген орындарда болады. Сондықтан тұрғындар мен қонақтарға тек ресми бекітілген жағажайларда демалуға кеңес беріледі. Қалада 140-қа жуық туристік нысан жұмыс істеп тұр. Маусым аяқталғаннан кейін №6 және №7 жағажайларын қайта жаңғырту және жеке инвестиция есебінен №8 жағажайды абаттандыру жұмыстары басталады. Жалпы жағалау ұзындығы 6,1 шақырымды құрап, бірінғай сәулеттік жоспарға сай жасалады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ 2028 жылға дейін Қонаевта жалпы құны 300 миллиард теңгеден асатын 11 ірі туристік жобаны іске асыру көзделген. Олардың қатарында қонақүй кешендері, ойын-сауық орталықтары, гольф-клубтар мен отбасылық демалыс орындары бар. Қонаев қаласының әкімдігі заманауи, қауіпсіз және қолжетімді туристік ортаны дамыту шаһарды өркендетудің негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Асыл ТҰМАР

Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл және ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Мерейтой аясындағы іс-шаралар өңірдің барлық аумағын қамтып, кітапханаларда, жоғары оқу орындарында, мәдениет ошақтарында әдеби кештер, шығармашылық кездесулер, театрландырылған қойылымдар, көрмелер, байқаулар мен флешмобтар ұйымдастырылады. Мерекелік бағдарлама жыл соңына дейін жалғасып, барлығы 300-ге жуық түрлі шара жоспарланған.



ОҚУ ҒИМАРАТЫНДАҒЫ МУРАЛ

Петропавлдағы Пушкин және Абай көшелерінің қиылысында Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай мурал пайда болды. Композиция Қозыбаев университетінің оқу ғимаратының қабырғасына салынды.

Қабырғаға ұлы ақынның суреті салынып, оның жан-жағы әсем ою-өрнектермен безендірілген. Сурет эскиздерін біздің «Құрылыс және дизайн» кафедрасының студенттері мен оқытушылары дайындаған.

— Абайдың муралын жасау бастамасын біздің студенттер көтерді. Университет болашақ дизайнерлерді даярлайды. Бұл муралдың эскизін, тұжырымдамасын осы студенттеріміз оқытушыларының көмегімен жасап шықты. Мурал Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. Бұл композиция қала тұрғындарын, соның ішінде жастарды адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеп, әділеттілік және парасаттылық қағидаларын ұстануға сеп болады деп ойлаймын, — дейді Қозыбаев университетінің басқарма төрағасы-ректор Ербол Исакаев.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ «АБАЙ ӘЛЕМІ»

Орал қаласының Қаталов ауданындағы «Достық» саябағында қазақ руханиятының темірқазығы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абайдың музыка әлемі» атты ашық аспан астындағы рухани кеш жоғары деңгейде өтті. Алаштың алып тұлғасына арналған бұл кеш Абай шығармашылығының саз әлемін тереңнен танытып, ақынның поэзия мен музыкадағы өлшеусіз мұрасын қайта жаңғыртқандай. Шара барысында Абай әндері мен оларды қазіргі заман тұрғысынан жаңаша интерпретацияланған туындылар орындалды.

Сахна ұлттық нақыштағы өрнектермен безендіріліп, LED экранда «Абайдың музыка әлемі» деген жазу мен Абайдың бейнесі бейнеленіп, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан үзінді келтіріліп, Абайдың бүгінгі қоғамдағы орны ерекше аталды.

Рухани кеш үш бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде Абайдың кеңінен танылған танымал әндері шырқалды. Оралхан Ергалиев пен Алтынбек Жасқайратовтың орындауындағы «Көзімнің қарасы» дуэті мен Сыйлық Құсайынованың жүрек тербеп «Желсіз түнде жарық ай» әні көрермен ықыласына бөленді. Сондай-ақ Аягүл Шоқпанова «Мен бір жұмбақ адаммын» және Ботагөз Макатова «Өзгеге көңілім тоярысн» еленін оқып, Абайдың лирикалық тереңдігін шебер жеткізе білді.

Екінші бөлімде классикалық және заманауи бағыттағы шығармалар орындалды. Е.Хасанғалиевтің Динара Әубекерова орындаған «Терендеп қарайсың» әнінен бастап, Мұрат Ахметовтың орындауындағы «Сегіз аяқ» туындысы мен Боранкүл Сөртөктің орындауындағы Ғ.Құрманғалиевтің «Жаз» әндері тыңдаушыны теңгеге қаржыландырылды. Бұл — мәдени-әлеуметтік мекеме еліміздегі өмірлік деңгейдегі ең ірі және заманауи инклюзивті кеңістік.

Екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы — 852 шаршы метр. Нысан заңип және нашар көретін жандардың қажеттіліктеріне бейімделген. Тифло-технология кабинеті, брайль жүйесімен оқу-жазу бөлмесі, дыбыстық әдебиеттер қоры, коворкинг пен оқу залдары, библиографиялық ақпараттар бөлімі, әдебиеттерді өңдеу және толықтыру бөлімі орналасқан. Ерекше азаматтардың еш кедергісіз еркін кіріп-шығуы үшін арнайы тұтқалармен жабдықталған және білім алуына барлық жағдай жасалған. Келешекте кітапхана базасы электронды каталогқа көшіріледі. Кітапхананың кітап қоры 40 мың дана кітаптан тұрады. Семей қаласы әкімдігі ғимарат маңайын толық абаттандырып, шырыша отырғызып, кіреберіс жолдарға асфальт төседі. Кітап қоры толық көшіріліп, кабинеттер мен сөрелер ретке келтірілді.

Аймақ басшысы бұл нысанның маңызы зор екенін атап өтіп, ғимаратты салған «Самұрық-Қазына» қорына алғысын жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйрен-

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖ ӨТУДЕ

Ұлттық академиялық кітапхананың бастамасымен қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай өлеңдері әлем тілдерінде» атты халықаралық челлендж өтіп жатыр.

Аталған жобаның мақсаты — Абай мұрасын халықаралық деңгейде кеңінен насихаттау және көпұлтты қауымдастық арасында қазақ мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру. Челленджге Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшілер, жетекші шетелдік ұлттық кітапханалар мен балалар кітапханаларының басшылығы, этномәдени орталықтар өкілдері, белсенді оқырмандар қатысты. Іс-шара барысында түрлі этнос өкілдері ақын шығармашылығына деген құрметін білдірді.

Челлендж аясында Абай Құнанбайұлының өлеңдері қазақ, орыс, поляк, неміс, беларусь, армян, моңғол және үнді тілдерінде оқылды.

ХАКІМ ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы хакім Абайдың 180 жылдығына орай «АБАЙ. Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп жасалған транскрипция» атты жаңа ғылыми еңбекті жарыққа шығарды.

Құнды зерттеу еліміздің жетекші баспаларының бірінен 2000 дана таралыммен басылып шықты. Авторлары — филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақжол Қалшабек және PhD докторант Әзімхан Исабек. Жобаның жарыққа шығуына Парламент Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров демеушілік көрсетіп, бастаманың кең аудиторияға жетуіне ықпал етті. Ғылыми еңбекте Абай шығармаларының негізгі көзі саналатын Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбалары текстологиялық және терминологиялық тұрғыда сараланып, салыстырмалы түрде талданған. Сонымен қатар ақынның інісі Халиоллаға жазған хатының түпнұсқасы мен транскрипциясы, сондай-ақ Абай шығармаларын көшірген Рахым Жандыбаев пен Оразке Уақбайұлының қолжазбаларымен салыстыру нәтижелері қамтылған. Еңбектің тағы бір құндылығы — Абайдың 1910 жылы жазылған қолжазбасының толық факсимиле нұсқасының алғаш рет жариялануы.

Жоба авторларының айтуынша, кітапқа Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор Мекемтас Мырзахметұлы көзі тірісінде рецензия жазып, өз батасын берген. Автор Әзімхан Исабектің сөзіне сүйенсек, бұл еңбек — ұзақ жылдарға созылған ғылыми-зерттеу

ЕРЕКШЕ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Абай облысында Абайдың 180 жылдығына арналған онкүндіктің алтыншы күнінде Семей қаласында көру қабілеті шектеулі азаматтарға арналған арнайы кітапхананың жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов қатысты.



Жылына 15 мыңнан астам келушіні қабылдайтын жаңа инклюзивті кітапхананы «Самұрық-Қазына» қорының Абайдың 180 жылдығына Абай облысының тұрғындарына жасаған ерекше сыйлығы деуге болады. Жоба Samruk-Kazyna Trust корпоративтік қайырымдылық қорының қолдауымен 410 миллион теңгеге қаржыландырылды. Бұл — мәдени-әлеуметтік мекеме еліміздегі өмірлік деңгейдегі ең ірі және заманауи инклюзивті кеңістік.

Екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы — 852 шаршы метр. Нысан заңип және нашар көретін жандардың қажеттіліктеріне бейімделген. Тифло-технология кабинеті, брайль жүйесімен оқу-жазу бөлмесі, дыбыстық әдебиеттер қоры, коворкинг пен оқу залдары, библиографиялық ақпараттар

бөлімі, әдебиеттерді өңдеу және толықтыру бөлімі орналасқан. Ерекше азаматтардың еш кедергісіз еркін кіріп-шығуы үшін арнайы тұтқалармен жабдықталған және білім алуына барлық жағдай жасалған. Келешекте кітапхана базасы электронды каталогқа көшіріледі. Кітапхананың кітап қоры 40 мың дана кітаптан тұрады. Семей қаласы әкімдігі ғимарат маңайын толық абаттандырып, шырыша отырғызып, кіреберіс жолдарға асфальт төседі. Кітап қоры толық көшіріліп, кабинеттер мен сөрелер ретке келтірілді.

Аймақ басшысы бұл нысанның маңызы зор екенін атап өтіп, ғимаратты салған «Самұрық-Қазына» қорына алғысын жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйрен-


180 ДОМБЫРАШЫНЫҢ ТАРТУУЫ



Қарағандыда Абайдың орталық алаңында «Ұлы даланың ұрпақтары» атты ауқымды флешмоб өтті. Шараға 180 домбырашы қатысып, олар бір мезетте күй орындады. Музыкалық көрініс ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған мәдени онкүндіктің бір бөлігіне айналды.

Мерекелік шараға тек қала тұрғындары емес, Абай ауданына қарасты ауылдық округтерден де адамдар келіп қатысты. Домбырашылардың арасында кәсіби өнерпаздармен қатар түрлі сала мамандары, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері де бар. Флешмобты ұйымдастырушылардың бірі, жергілікті халық театрының жетекшісі Динара Жұмағұлованың айтуынша, бастаманы ауыл-аймақ халқы ықыласпен қабылдаған. Алайда дәл 180 қатысушыны жинау оңай болмаған.

— Басты мақсат — Абайдың мерейтойына орай 180 домбырашыны қатар шығару еді. Әуелде күмән болғанымен, нәтижесінде біз диттегенімізге жеттік. Бұл — үлкен еңбектің, ұйымшылдықтың жемісі, — дейді Динара Жұмағұлова.



ЕРЕКШЕ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

генін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз» деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет» деп атап өткен болатын. Бұл жаңа кітапхана — ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың білімге құлшынысы мен ізденістеріне тиісті жағдай жасауда айрықша маңызға ие. Олардың білімалу, шығармашылықпен айналысу, мәдени және рухани даму мүмкіндіктерін кеңейтуде ерекше рөл атқарары сөзсіз. Кітапхана заманауи стандарттарға сай жабдықталған. Мұнда Брайль көрпіндегі әдебиеттер, дыбыстық кітаптар, арнайы техникалық құрылғылар мен сандық ресурстар кеңінен қолжетімді. Кітапханада 41 мыңнан астам кітап қоры бар. Мұның барлығы инклюзивті қоғам құру жолындағы нақты әрі маңызды қадам болып саналады», — делі облыс әкімі.

«Самұрық-Қазына» қоры соңғы бес жылда Абай облысында білім, спорт және әлеуметтік осал топтарды қолдау бағытында жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайтын 14 жобаны жүзеге асырды.

«Қазір облыс әкімдігімен бірлесіп Семейдің Ұшақтар шағын ауданында спорт сарайының құрылысы жоспарлануда. Мұнда 4 мыңға жуық адам спортпен шұғылдана алады. Бұл — қор тобының аймақтық инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік қолдауды кеңейтуде бағытталған бастамаларының бірі», — делі «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов.

МЕЖЕ

7 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ДАМУ

АГРОСАЛА АЛҒА БАССЫН ДЕСЕК...

Елімізде биылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы жүргізіледі. Бұл – аграрлық сектордың құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық шара. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

А Саятхан САТЫЛҒАН

Ұлттық санақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады. Ал оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және осы саланың жылдық қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалып отыр. Санаққа дайындық жұмыстары осыдан 1,5 жыл бұрын басталған болатын. Соның аясында Үкімет, облыс және аудандар деңгейінде арнайы комиссия құрылып, қажетті нормативтік-құқықтық актілер бекітілді. Сондай-ақ жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар жұмылдырылды. Былтырғы 21 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында ауыл шаруашылығы санағы пилоттық жоба ретінде Байзақ ауданының Көктал, Меркі ауданының Ақтоған ауылдары мен Талас ауданының Қаратау қаласында жүргізіліп, ақпараттық жүйелер, әдіснамалар және дала жұмыстарын жүргізудің ұйымдастырушылық ерекшеліктері сынақтан өткізілді. Жалпы, Дүниежүзілік азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі керек. Бірақ Қазақстанда санақтың бұл түрі соңғы рет 2006-2007 жылдары ғана іске асырылды. Ол кезде санақ өсімдік және мал шаруашылығы бойынша екі кезеңде өтсе, 2025 жылы барлығы бір мезетте жүргізіледі. Ұлттық санаққа біріншіден, мал, өсімдік және балық шаруашылығы салаларымен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер, екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар немесе мал ұстайтын үй шаруашы-

лықтары, нақтырақ айтқанда, бұл бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретін жандар қатысады. Санақ онлайн және офлайн кезеңдерден тұрады. Алдымен 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Бүгінде сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, ЭПҚ, QR-код немесе СМС арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер ұсынылады. Респондент осы көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларды өзектендіреді. Содан соң толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруды әрі қарай жалғастыра алады. Сауалнамадан өткеннен кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады. Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы ету үшін жергілікті әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады. Осы ретте ескерте кетерлігі, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысандары сауалнамадан сайтта өз бетінше өтуге тиіс. Сондай-ақ қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен байланысты өндірушілердің барлығы санаққа қатысуға міндетті. Егер респондентте сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтар туындаса,



арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін SanaqMyrza виртуалды көмекшісіне жүгіне алады. Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуына болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде түелік бойы, аптасына жеті күн бойы қабылданады. Ұлттық санақтың биылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтетін екінші кезеңінде интервьюерлер үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралайды. Осылайша, санақ респонденттердің барлық санатын қамтиды және ақпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Санақ барысында облысымызда барлығы 129 мыңға жуық үй шаруашылығын және 34 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін, оның ішінде 900-ден аса ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа фермер қожалықтарын қамту жоспарланған. Санақ қызметкерлері барлық респондентті қамтуға міндетті. Қатысудан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкімшілік жауапкершілік көзделген. Нақтырақ тоқталсақ, «өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 497-бабы «Бастапқы статистикалық деректерді беру тәртібін бұзу» (жеке тұлғаларға – 10 АЕК, заңды тұлғаларға айыппұл кәсіпкерлік субъектісінің мөлшеріне байланысты 14-тен 120 АЕК, «Мемлекеттік статистика туралы» 21-бабына сәйкес, Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және

міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады. Ерекше айта кетерлігі, біздің интервьюерлеріміздің атрибуттары – бейсболка, жамылғы, ауылшаруашылық санағының символикасы бар портфель, планшет және QR коды бар куәлік. Сауалнамаларда заңды тұлғалар үшін сұрақтар жер және егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты болады. Сондай-ақ респонденттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында «жер аумағы, оларда маусымдық немесе көпжылдық дақылдар егіле ме, мал немесе құс ұстай ма, оларды жайылымға шығара ма?» деген сияқты анағұрлым қысқартылған нұсқадағы сауалнама алынады. Айрықша атап өтерлігі, Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің құпиялығына және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беріледі. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді. Санақ жүргізу үшін жұмыссыздар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азаматтар санатынан жалпы саны 280-нен астам адамды интервьюер ретінде жұмысқа тарту көзделіп отыр. Оларды оқыту бюроның Data Literacy Hub платформасында ұйымдастырылған. Онда қатысушыларға әртүрлі оқу материалы мәтіндік құжат, бейнебаян және бейнеслайд қолжетімді.

Оқу аяқталғаннан кейін барлық қатысушы білімі мен жұмысқа дайындығын растау үшін міндетті тестілеуден өтуі керек. Бұл тәсіл санақ жүргізудің жоғары сапасын және жиналған деректердің дәлдігін қамтамасыз етеді.

Қазір «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшелерінің 153 маманын үй шаруашылықтарын аралау кезеңінде интервьюер ретінде жұмысқа тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұндай шешім жергілікті жерлерде сауалнама жүргізу үшін кадр ресурсын жедел толтыруға мүмкіндік береді. Пошташылар өздерінің қызмет көрсету аумағын жақсы біледі және жергілікті тұрғындар арасында, әсіресе ауылдық жерлерде зор сенімге ие. Сонымен қатар санаққа қатысу олар үшін қосымша табыс табуға мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Барлық кезең аяқталғаннан кейін 2025 жылғы желтоқсанда санақтың алдын ала нәтижелері жарияланады. Ал соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке 2026 жылы ұсынылады. Қорыта айтқанда, Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызды бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Сондықтан барлық қатысушы тарап өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде атсалысуы қажет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Замана үдерісіне сай жаңа технологиялардың іс жүзінде мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігі үшін қолданылып жатқаны қуантады. Өйткені «Заң және тәртіп» қағидасының өзі бірінші кезекте халықтың алаңсыз әрі тыныш тіршілік етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Заманауи үлгіде толықтай жабдықталған бейнебақылау камералары елдің қай аймағында болмасын елді мекендердегі түрлі құқықбұзушылық пен қылмысты дер кезінде анықтап, бұзақыларды заңға сәйкес жауапкершілікке тартуға мүмкіндік берген. Осы орайда Ақмола облысындағы Жедел басқару орталығы да тәртіп пен тұрақтылық тірегіне айналды десек қателеспейміз...

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Ақмола облысы – еліміздің геостратегиялық тұрғыдан аса маңызды өңірлерінің бірі. Мұнда ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау – мемлекеттіліктің берік іргетасына айналғанын атап өткен жөн. Қазір бұл міндетті абыроймен атқарып отырған полиция мен басқа да құқыққорғау құрылымдардың алдыңғы шебінде – жедел басқару орталығы тұр.

Күн демей, түн демей тынымсыз жұмыс істейтін бұл орталық – тек полицияның емес, тұтас қоғамның тыныштығын қамтамасыз ететін сенімді қалқан десек артық айтқандық болмас. Құқықбұзушылықтың алдын алып, болған жағдайға жедел әрекет ету – орталықтың негізгі мақсаты. Оның қызметі бүгінде адам саудасы мен тұрмыстық зорлық-зомбылық, сыбайлас жемқорлық пен діни экстремизм, нашакорлық пен есірткі бизнесі сияқты қауіпті құбылыстармен күресте шешуші рөл атқарып келеді.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ТІРЕГІ

Ақмола облысының орталығы – Көкшетау қаласында орналасқан жедел басқару орталығы – заманауи технологиямен жабдықталған, қызметін еш үздіксіз жалғастыратын ерекше мекеме. Қаладағы қоғамдық тәртіп пен құқықтық

ахуал тәулік бойы онлайн режимде бақылауға алынған. Мұнда «102» жедел желісіне келіп түскен әрбір қоңырау қатаң тіркеліп, тиісті бөлімге бағытталады. Қоңыраудың дыбыстық жазбасы жүргізіліп, аға инспектор оқиға сипатына қарай полицияның жедел топтарын шұғыл түрде оқиға орнына жіберуі әдетке айналған.

Бейнебақылау инспекторы Самат Ахметовтың айтуынша, бір тәуліктің өзінде 300-ге жуық қоңырау келіп түседі. Бұл – тұрғындардың полицияға деген сенімінің нығайғанының айқын көрсеткіші.

– Полиция қызметі – үнемі дайындықты, шапшаңдықты, жауапкершілікті талап ететін аса күрделі міндет. Әр күн – жаңа жағдай, жаңа сынаққа толы болады. Сондықтан мұнда қызмет ететін әрбір тәртіп сақшылары өзіне жүктелетін зор жауапкершілікті сезініп әрқашан салқынқанды, әрі үлкен қырағылықпен қызмет етеді, – дейді Самат Ахметов.

ТЕХНОЛОГИЯ МЕН СЕНІМНІҢ ҮНДЕСТІГІ

Полицияның ұсынған мәліметтеріне сенсек, бүгінде қала аумағында 300-ге жуық стационарлық және қозғалмалы бейнебақылау камералары орнатылған. Олар тек көше киылыстарын ғана емес, адам көп жиналатын алаң мен әлеуметтік маңызы бар нысандарды да толық қам-



тиды. Бұл – қоғамдық тәртіпке төнетін қауіптің алдын алуға және құқық бұзушыларды жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Тәртіп сақшыларының есептеріне сәйкес, жаз мезгілінде велосипед ұрлығы, қоғамдық орында жасалатын ұсақ құқықбұзушылықтар көбейетіні байқалады. Мұндай жағдайларда бейнебақылау жүйесі оқиға орнын нақты анықтап, кінәлілерді анықтауда аса маңызды әлі бұлтартпас дәлелге айналған.

Полицияның мәліметінше, соңғы жылдары жана технологиялық жабдықтауға баса мән берілуі салаға тың серпін беріп, тәртіп сақшыларының қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне мол мүмкіндік беріпті. Мәселен, биыл енгізілген Target Eye интеллектуалды жүйесі – бейнебақылау мүмкіндіктерін жана деңгейге көтерген. Жүйе адамның бет-әлпетін 99 пайыз дәлдікпен тануға қабілетті. Әсіресе, сауда ойын-сауық орталықтарында, теміржол вокзалдары мен автобус бекеттерінде бұл – қауіптің алдын алуға арналған басты құралға айналғанын атап өткен жөн.

ҚЫЛЫСПЕН КҮРЕС – ҮЙЛЕСІМДІ ӘРЕКЕТ

Жедел басқару орталығының бағыттау инспекторы Ержан Әлібековтың айт-

уынша, орталықтың тағы бір өте маңызды функциясы – автопатруль қозғалысын нақты GPS арқылы бақылау.

– Әр автопатрульдің өз аумағы бар. Біз олардың қай жерде екенін, қанша уақыт бойы оқиға орнында жұмыс істегенін нақты бақылап көріп отырамыз. Бұл – кезекші топтың тиімділігін арттырып, оқиға орнында нақты әрі жедел әрекет етуге жол ашады, – дейді полиция инспекторы Ержан Әлібеков.

Сонымен қатар орталық медицина мекемелерімен, төтенше жағдайлар қызметімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бұл – оқыс оқиғалар кезінде кешенді түрде әрекет етуге, адам өмірін сақтап қалуға, төтенше жағдайдың ауқымын шектеуге көмектеседі.

Жедел басқару орталығының жұмысындағы ең күрделі міндеттердің бірі – күн сайын келіп түсетін ақпарат ағынын тиімді саралап, оны тиісті құрылымдарға шұғыл жеткізу. Бұл – тек техникалық қана емес, кәсіби дағды мен адами факторға байланысты процесс.

Мұндағы мамандардың бір сәтке де босансуға хақы жоқ. Себебі олардың жұмыс нәтижесі – тұтас қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі. Ел ішінде ұлттық қауіпсіздікке төнетін кез келген қатердің алдын алу – тек

құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл халықтың ортақ міндеті десек те қателеспейміз.

Ақмола облысындағы Жедел басқару орталығының қызметі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жарқын үлгісіне айналған. Бұл орталық – терроризм мен діни экстремизмге, есірткі бизнесіне, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасына қарсы күресте сенімді серік екені даусыз. Қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеу арқылы тәртіп сақшылары азаматтардың еркін өмір сүруіне, қорғансыз жандардың құқығын қорғауға, балалар мен әйелдердің қауіпсіздігіне нақты кепіл бола алады.

Осы орайда мемлекет тарапынан құқық қорғау саласына көрсетіліп отырған қолдау – техникалық жақтан-дырудан бастап, кадрлық әлеуетті арттыруға дейінгі кешенді жұмыстардың зор нәтижеге жетуіне себепкер болғанын атап өткен жөн. Ал жедел басқару орталығы – осы қолдаудың нақты жемісін көрсететін, тәуелсіз еліміздің тыныштығын күзеткен кәсіби құрылым.

P.S.....

Тәртіп пен тұрақтылық – дамыған мемлекеттің басты шарттарының бірі. Ақмола облысындағы Жедел басқару орталығының жұмысын саралай отырып, біз жалпы Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде ілгерілеуіне зор үлес қосып отырғанын байқаймыз. Сондықтан бұл – тек өңірлік емес, ұлттық маңызы бар стратегиялық құрылым. Қоғамдық қауіпсіздік пен ұлттық бірлікті сақтау жолында осындай орталықтардың рөлі күн санап артып келеді. Олардың әр күні – ел азаматтары үшін бейбіт таң мен тыныш түн...

ДОДА

7 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Польшаның Варшава қаласында күрес түрлерінен Ziolkowski, Pytlasinski, Poland Open халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы бұл турнирде тек грек-рим және әйелдер күресінен бақ сынаған еді. Бозкілемдегі үміт артқан балуандарымыз жеңіс тұғырынан көріне алмаса да, ол жақтан жүлдесіз кеткен жоқ.

АҚТЫҚ СЫН
алдындағы

Әсет ҚАЛИ

Бұл жарыс алдағы әлем чемпионатының алдындағы маңызды турнир болған-тұғын. Бапкерлер құрамы да әр спортшының күшін сынап, алдағы беделді жарыстарда кімнің атой салатынын түспалдайтын шақ.

Грек-рим күресінен Қазақстан құрамасынан 15 балуан бозкілемге шықты. Олар 7 салмақ дәрежесінде жұлде үшін белдесті. Өкінішке қарай, олардың ешқайсысы жеңіс тұғырының бірінші сатысына көтеріле алмады.

Дегенмен финалдық бөсекеге дейін біраз балуанды артқа тастап Бақытжан Қабдылдың күш-жігері тасып-ақ тұр. Ол 63 келіге дейінгі салмақта күрестіп, шешуші белдесуде Қырғызстан спортшысы Жоламан Шаршенбековке есе жіберіп қойды. Сөйтіп, күміс медальға қол жеткізді. Ал дәл осы салмақта отандасымыз Сайфулла Құрманға қола жұлде бұйырды. Осы дәстүрмен Диас Қалтай (82 келіге дейін) мен Ерзат Ерланов (97 келіге дейін) үздік үштікті сәтті аяқтады.

Негізі, бұл долада жанкүйерлер әйелдер құрамасына көз тіккен болатын. Оған себеп, әлемдік рейтингтің көш басында тұрған батыр қызымыз Жәмила Бакбергенова мен бірнеше белді чемпионаттардың жұлдегері Эльмира Сыздықова бозкілемде өнерлерін паш етуі еді. Жалпы, қыздармыз да бұл жарыста осалдық танытпады. Отандастарымыз бұл жарысқа толық құраммен қатысқан болатын. Нәтижесінде, бір күміс, бір қола медаль еншіледі.

Рио Олимпиадасының қола жұлдегері Эльмира Сыздықова 76 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғап, ақтық кезенге дейін табан тіреді. Ол жартылай финалда италиялық Энрика Ринальтиден басым түссе де, финалдық бөсекеде жарақатына байланысты турнирден бас тартты. Осылайша, қоржынымызды күміспен күтпеді.

Ал 55 келіге дейінгі салмақта белдескен жерлесіміз Зульфия Яхьярова қола медальді қанжығасына байлады. Одан бөлек, Светлана Анкичева (50 келіге дейін) жартылай финалға дейін жетті. Алайда қола медаль үшін өткен белдесуде жеңіліп қалды.

Осы орайда Ұлттық құраманың бас бапкері Қайрат Сағадиев балуандардың қалай өнер көрсеткеніне қатысты пікір білдірген еді.

— Жалпы, команда әлем чемпионатының алдындағы соңғы жарысқа қатысты. Бұл бөсекеде әр балуанның қазіргі деңгейін көріп, дайындығында не жетіспейтінін анықтадық. Кімге техника, кімге жылдамдық, ал кімге физикалық дайындық жетіспейтіні белгілі болды. Айта кету керек, Жәмила Бакбергенованы жарыстың жарты жолынан алып тастадық. Себебі бұған дейінгі турнирлерде алған жеңіл жарақаттары бар еді. Сондықтан оған әлем чемпионатына дейін ауыртыпшылық түсірмеуді жөн көрдік.



АЙҚАС

Сондай-ақ Эльмира Сыздықова финалда бразилиялық балуанмен күресуі керек болатын. Алайда жартылай финалда қабырғасынан жарақат алып, ақтық сынға шықпады. Одан бөлек, Зейнеп Баянова бұл жарысқа өте жақсы дайындықпен барды. Дегенмен кішігірім тактикалық қателіктерге жол беріп, жарысты ерте аяқтады. Елена Шалыгина қола жұлде үшін белдесуге дейін жетті, алайда медаль жеңіп ала алмады. Қалған балуандарымыз өз деңгейінде күрестіп шықты, — деді бас бапкер.

Сондай-ақ бас бапкер Қайрат Сағадиев әлем чемпионатының алдындағы іріктеу мен оқу-жаттығу жиындары жайлы толығырақ айтып берді.

— Қазір 68 келіге дейінгі салмақта Ирина Казюлина және Бейбіт Сейдүәліні қарастырып жатырмыз. Сонымен қатар 57 келіге дейінгі салмақта Лаура Алмағанбетова мен Нилуфар Раимова бар. Соңғы турнирлерде көрсеткен көрсеткіштеріне қарай іріктеу жұмыстары жүргізіледі.



Жалпы, қыздармыз да бұл жарыста осалдық танытпады. Отандастарымыз жарысқа толық құраммен қатысқан болатын. Нәтижесінде, бір күміс, бір қола медаль еншіледі.

Сондай-ақ алда екі кезеңнен тұратын оқу-жаттығу жиыны өтеді. Бірінші кезеңнің алдында жаттықтырушылар кеңесін өткізетін боламын. Сол жерде әлем чемпионатына кімнің баратыны нақты белгілі болады.

Ал оқу-жаттығу жиындарының бірінші кезеңі 11-28 тамыз аралығында Ақмола облысында өтеді. Бұл кезеңде жалпы дене дайындығына көңіл бөлетін боламыз. Сондай-ақ техникалық, физикалық тұрғыда балуандарды дайындаймыз. Екінші кезең 3-13 қыркүйек аралығында Алматы олимпиадалық даярлау орталығында өтеді. Әрі қарай әлем чемпионатына аттанамыз, — деп қорытындылады бас бапкер.

Ересектер күресімен тұспа-тұс келген жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатын айтпасқа болмас. Грекияның астанасы Афина қаласында өткен әлемдік турнирде отандастарымызға шақ келетін ешкім болмады. Аталған байрақты бөсекеде Қазақстан құрамасы жалпы саны 11 медаль жеңіп алып, әлемдік деңгейде жоғары нәтиже көрсетті.



Еркін күрестен Данаель Абдықасым (51 келі), Бекасыл Асамбек (60 келі) және Дінмұхаммед Қасымбек (80 келі) әлем чемпионатының қола жұлдегері атанды. Бұл чемпионат жас балуандар үшін тәжірибе жинауға және халықаралық аренада шыңдалуға үлкен мүмкіндік болды.

— Бұл жарыстар қыркүйек айында Хорватияда өтетін әлем чемпионатына дайындық тұрғысынан аса маңызды. Жаттықтырушылар да, спортшылар да осы арқылы өз деңгейін бағамдай алады. Ал енді сол әлем чемпионатында біз бір емес, бірнеше жұлде алатынымызға сенеміз. Тіпті, алуымыз керек. Былтыр көрсеткішіміз өте жақсы болды, биыл соның өзінен асып түсуіміз қажет. Мемлекеттен миллиардтап бөлініп жатқан қаражат бар, демек оның нақты қайтарымы медаль мен нәтиже болуға тиіс. Күрес федерациясы да мұны сезінуі керек, — дейді спорт журналисі Аслан Қаженов.

ЕКІЖАҚТЫ СЕРІКТЕСТІК
НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитетінің бас хатшысы Әлімжан Ақаев АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің уақытша сенімді өкілі Дебби Робинсонмен жұмыс кездесуін өткізді.



Кездесу барысында Әлімжан Ақаев АҚШ құрамасының 2025 жылғы 29 маусым мен 6 шілде аралығында бокстан Астанада өткен World Boxing Әлем кубогы кезеңіне қатысуына қолдау білдіргені үшін америкалық тарапқа алғыс айтты. Ол АҚШ командасының нәтижелерін ерекше атап өтті: Йозелин Перес (54 келіге дейін) күміс медальға ие болса, Моррель Маккейн (65 келіге дейін) мен Робби Гонзалес (80 келіге дейін) қола жұлдені жеңіп алды.

Сонымен қатар тараптар бірлескен жобалардың жүзеге асуы барысын талқылады. 2024 жылдың

маусым айынан бастап Қазақстан ҰОК жанындағы Спортшылар комиссиясының бастамасымен және АҚШ Елшілігінің қолдауымен қазақстандық спортшыларға арналған ағылшын тілін үйрету жобасы іске қосылған. Бұл бағдарлама спортшылардың тілдік қабілетін дамытып, оларды халықаралық спорттық ортаға бейімдеуге септігін тигізуде.

Кездесу соңында қос тарап Олимпиадалық қозғалыс аясында спорт саласындағы екіжақты серіктестікті одан әрі нығайтуға дайын екендерін білдірді.

АТ СПОРТЫ
ФЕДЕРАЦИЯСЫНДА – ЖАҢА ТӨРАҒА

Республикалық Жорұқ ат спорты федерациясының қамқоршылар кеңесінің жаңа төрағасы болып Ералы Тоғжанов тағайындалды.



Ералы Тоғжанов федерация құрылған күнінен бастап «Ұлы дала жорығы» жобасына тұрақты қолдау көрсетіп, оның даму бағыттарына белсенді атсалысқан.

«Ералы Тоғжановтың ел басқару ісіндегі мол тәжірибесі, ұлттық мұраға деген терең құрметі мен көреген басшылығы шешуші рөл атқарады. Оның жетекшілігімен федерация қызметі жаңа деңгейге көтеріліп, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен дәстүрлі мәдени құндылықтарды жаңғырту бағытындағы жұмыс нақты нәтижелермен жалғасатыны сөзсіз. «Ұлы дала жорығы» — тұлпар тұқымын іріктейтін табиғи сынақ қана емес, әлемдегі ең төзімді жылқы тұқымын анықтайтын да-

лалық зертхана», — деп хабарлаған федерация.

Тоғжанов әр жылдары түрлі мемлекеттік қызмет атқарған. 2000 жылдардың басында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметінде болды. Одан кейін Әділет министрлігі Дін істері комитетінің басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары қызметтерін де атқарған.

2017-2019 жылдар аралығында Маңғыстау облысының әкімі. 2020 жылдың ақпанында ол Премьер-Министрдің орынбасары болып тағайындалды. Кейін Ақтөбе облысының әкімі болды.

АЛҒАШҚЫ ТИТУЛЫНА
ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Болгария астанасы София қаласында жасөспірімдер арасында J30 сериясы бойынша ITF Juniors турнирі мәресіне жетті.



Аталмыш жарыста 16 жастағы Иван Пономарев жұптық сында үздік шықты. Қазақстандық теннисші швейцариялық Чарли Базилмен бірге финалда табандылық танытып, камбэк жасай алды.

Қазақстандық-швейцариялық дуэт тартысты матчта украиналық Родион Четвериков — болгариялық Самуил Пешевті ұтты — 4:6, , 6:3, 10:7. Осылайша, Иван Пономарев спорттық жолында жасөспірімдер арасында ITF додаларында алғашқы титулына қол жеткізді. Биылғы маусымда ол жоғары деңгейде өнер

көрсетіп келеді. Осыған дейін қазақстандық жас теннисші Марокко мен Қытайдағы жарыста финалға дейін жеткен еді.

Қазір И.Пonomарев Латвияда тәжірибелі бапкер Андис Юшканың қоластында жаттығады.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Алпап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ержаңалт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4626

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,